

П И О Н Е Р



Август

1949 жыл

№ 8



Қазақстан пионерлерінің республикалық екінші слетінің ашылуы. Суретте: Алматының «Динамо» стадионының трибунасында (солдан оңға қарай): ҚЛКЖО Орталық Комитетінің секретары Ә. Қанапин, ҚК(б)П Орталық Комитетінің секретары Ғ. Қаржаубаев, Қазақ ССР Министрлер Советінің председателі Н. Ондасынов, ҚК(б)П Орталық Комитетінің секретары С. Круглов жолдастар.

ЖАС ПИОНЕРЛЕР ЖАСАСЫН!

*ҚЛКЖО Орталық Комитетінің секретары
Ә. Қанапин жолдастың слетті ашардағы сөзінен*

Қымбатты балалар! Қазақстанның көп мыңдаған комсомолецтер мен жастар армиясы атынан Сіздерді, жас пионерлердің республикалық ІІ слеті ашылуымен құттықтап, жалынды сәлем жолдаймын.

Сіздер слетке келсеңіздер, көп мектеп оқушылары туған өлкеге саяқат жасауға кетті, бірсыпралары лагерлерде демалып, түрлі үйірмелерде, спорт алаңдарында шұғылданады.

Капиталистік елдерде көп миллион балалардың оқуға ешқандай мүмкіндігі жоқ, олар ауыр және адам айтқысыз қанауға ұшырайды. Шығыстағы көп отар елдердің балалары 6—7 жасынан бастап үй-ішін асырау үшін жұмыс істей бастайды, олар зұлымдық қанау астында және құлдық еңбек етумен өмірді, қуанышты көрмей, балалық шақтың не екенін білмей өседі.

Тек социализм жеңген елдің балаларына ғана бүкіл дүние жүзіндегі ең озат және ең прогресшіл совет мектептерінің есігі кең ашылған. Олар оқу, шаттану, демалу үшін, бақытты болу үшін ең жақсы сарайлар,

клубтар, пионер үйлері, санаторийлар мен лагерлер солардың игілігіне берілген.

Комсомолецтер мен пионерлер қай жерде болмасын — оқуда да, демалыс уақытында да өнегелілердің біріншісі болуға тиіс. Сіздер ғылым негіздерін игеру жөнінде ұйымшылдық пен ұқыптылықтың, табандылық пен жігерліліктің үлгісін көрсетуге міндеттісіздер. Сіздер комсомол ұрпағының ең жақсы қасиеттерін — еңбек сүйгіштікті, тәртіптілікті, табандылықты, өз күшіне сенімділікті бойларыңа сіңіруге тиістісіңдер.

Қымбатты балалар! Сендердің алдарыңда тамаша, бай өмір бар, Социалистік Отанымыздың даңқын арттыра беру үшін сендерге көп ерлік істер істеуге тура келеді.

Жас пионерлер! Білімді, ғылымды сеніммен, табанды игере беріңдер, коммунистік қоғамды құрушылардың, Ленин — Сталин ісі үшін табанды күресушілердің алдыңғы сапында болуға әзірленіңдер!

Жас пионерлер жасасын!

Ленин — Сталин комсомолы жасасын!

Большевиктік партия жасасын!

Біздің көсеміміз және ұстазымыз ұлы Сталин жасасын!

ҚАЗАҚСТАН ПИОНЕРЛЕРІНІҢ ЕКІНШІ СЛЕТІ

«Динамо» стадионында

10 июль. Алматының «Динамо» стадионы ерекше түрге бөленген. Оның маңдайшасындағы «Жас пионерлердің республикалық Екінші слетінің делегаттарына сәлем!» деген жазу көз тартады. Стадион трибуналарында жібек шашақты қызыл жалаулар кешкі самал желмен бірге еседі. Мойындарына қызыл галстук байлап, қолдарына қызыл ту ұстаған жас пионерлер стадионның жасын алаңын жауып кетті.

Бұлар Қазақстанның жарты миллион жас лениншілдерінің республикалық екінші слетке жіберген өкілдері. Пионерлердің барлығы бір келкі кінген, жүзі жарқын, көзі көтеріңкі, көзінде бақыт нұры ойнайды. Жүрегін шаттық қуанышы керіген жастардың сүйкімді діңдары стадионды сәулеттендіре түскендей.

Пионер болу қандай тамаша, қандай бақыт! Совет үкметі, большевиктік партия, бүкіл совет халқы, сүйікті көсеміміз Сталин жолдас жас балаларды аталық мейіріммен аялап өсіреді, алысқа, қыяға құлап сермеуге талаптандырады. Бұл сәнді салтанат — осы қамқорлықтардың бірі ғана.

Республикамыздың жас пионерлері өздерінің екінші слетіне ең таңдаулы жолдастарына делегаттар жіберді. Олар мило бағы Алматының әсем үйлерін, мәдениетін, сән-салтанатын көруге, астана пионер ұйымдарының, дружиналар, отрядтар мен звенолардың жұмыстарымен таңысуға, олардан үлгі-өнеге алуға келгендер.

Міне, стадион төріне Қазақ ССР Министрлер Советінің председателі Н. Ондасынов, ҚК(б)П Орталық Комитетінің секретарьлары С. Круглов пен Ғ. Қаржаубаев, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы председателінің орынбасары И. Лукьянец, Қазақ ССР Оқу Министрі Ә. Сембаев, ҚКЖО Орталық Комитетінің секретары Ә. Қанапин жолдастар және министрлер, партия, совет ұйымдарының басшылары шықты.

Сағат алты. Парадка қатысатын слет делегаттары, астана мектептерінің оқушылары мен пионерлері сап түзеіп лек-легімен стадион алаңына шықты. Үкмет комиссиясы сапқа тұрған пионерлердің алдынан шығып парад қолбасшысы Есенов жолдастың рапортын қабылдады.

— Жас пионерлер, Ленин — Сталин ісі үшін күреске дайын болыңдар! — деген ұранға:

— Әрқашанда дайынбыз! — деп пионерлер біріге жауап қайырды.

Үкмет комиссиясының тапсыруы бойынша, Ә. Қана-

пин жолдас пионерлердің республикалық екінші слетін ашық деп жариялады.

ССР Одағының және Қазақ ССР-нің мемлекеттік гимндері жігерлендіре ұн қатты. Гимндер тартылып болғанда, стадионда слеттің ашылу белгісі — қызыл жалау көтерілді. Қызыл жалау көтеру құрметіне оқу отличниктері: алматылық Бану Мусина мен оралдық Орынғали Иманғалиев ие болды.

Н. Ондасынов жолдас Қазақ ССР Министрлер Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитеті атынан пионерлердің республикалық екінші слеті ашылуын құттықтап, олардың сабақты жақсы оқуы, ауыл шаруашылығы жұмыстарына қолқабыс тигізуі керек екенін айтты. Жас пионерлердің Советтік Отанды, туған өлкеңі жаңдай сүйіп, өнер-білімге жетіліп, ғылым мен техниканы меңгеріп, Ленин — Сталин ісі үшін күреске әрқашанда дайын болуларына тілектестігін білдірді.

Жас пионерлерді Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы председателінің орынбасары Лукьянец, Қазақ ССР Оқу Министрі Сембаев, ҚК(б)П Алматы қалалық комитетінің секретары Шмельков жолдастар құттықтап сөз сөйледі.

Осыдан кейін барабан соғылып, горн ойналды. Парад басталды. Оны ту ұстаушылардың колоннасы бастады. Ту ұстаушылардан кейін барабаннылар колоннасы, оның соңынан горнишылар колоннасы келеді. Олар жорық маршын ойнайды. Трибуна қасынан слет делегаттары, Қазақстанның барлық облыстарының өкілдері салют беріп өтіп жатыр. Бұлар республикамыздың сәулетті қалалары мен сәнді аулының, алтынды Алтай, көмірлі Қарағанды, мұнайлы Әмба, астықты солтүстік, мақталы оңтүстік аудандарының балалары.

Қазақстан пионерлері үлкен істің иелері. Олар санады, білімді, совет азаматы болып шығу үшін ғылым негізіп меңгеруде; бау-бақша егуде, егіннен мол өнім алуға, қоғамдық мал басын көбейтуге көмектесуде.

Біздің жас пионерлеріміздің ой-өрісі кең, өмірге ынталылығы зор. Олардың арасынан жас мичуриншілер мен авиамодельшілерді, суретшілер мен шахматшыларды, қолөнершілер мен техниктерді, ақындар мен өнерпаздарды көптеп табуға болады.

Парад аяқталғаннан кейін слет делегаттары мен қонақтар стадион төріндегі орындарға орналасты. Оларға жас споршылар: боксшылар, жеңіл атлеттер, қылыштасушылар, футболшылар бірінің соңынан бірі өз өнерлерін көрсетті.

Слет осындай салтанатпен ашылды.



Пионерлер парады.

Жасөспірімдер мектебінде

Слеттің екінші күні. Балалар театры. Таңертеңгі сағат 10. Слет делегаттары кең, жарық залдағы орындарға жайласқан. ҚЛКЖО Орталық Комитетінің секретары Ә. Қанапия жолдас слеттің кең мәжілісін ашық деп жариялады.

Пионерка Аида Құрымбаевадың И. В. Сталин жолдас бастаған БК(б)П Орталық Комитетінің Саясаттық Бюросын құрметті президиумға сайлау туралы ұсынысын слет делегаттары ұзақ қол шапалақтаумен қарсы алды.

ҚЛКЖО Орталық Комитетінің секретары Х. Доспанова жолдас «В. И. Ленин атындағы жас пионерлер ұйымы» деген тақырыпта баяндама жасады.

Баяндамашы слет делегаттарына жас пионерлер ұйымы тәрбиелеп өсірген мыңдаған совет жастарының Отан үшін ұрыста көрсеткен батырлықтарын айтты. Сапа Чекалин, Володя Дубинин, Юрий Смирнов, Красноподонның жас гвардияшылары, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова тәрізді батырлардың ерлік істерін оларға үлгі етіп тартты.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстан пионерлері де елімізге көп ерлік еңбек етті. 12 мың жас тимуршілер майдандағы жауынгерлердің үй-іштеріне көмектесті. Мектеп оқушылары мен пионерлердің көмегімен 30 мың тоннадан артық жабайы өсімдіктердің ұрығы жыйналды.

Жүз мыңдаған мектеп оқушылары мен пионерлер колхоздың егіс даласында ерлік еңбек етіп, егіннен

мол өнім алуға, қоғамдық мал басын көбейтуге үлкен үлес қосты.

Соғыстан кейінгі жылдарда да республикамыздың пионер ұйымы өсіп шығайды. Жарты миллионнан артық жас лениншілдер оқуда да, тәртіпте де, еңбекте де барлық балаларға үлгі болды. Олар оқу-тәрбие ісінде мектеп директорлары мен мұғалімдерге көмектесуде.

Жас мичуриншілер, техниктер, табиғат зерттеушілер, қолөнершілер үйірмелері күн санап көбейде, бұлардың жұмыстары да жолға қойылған.

— Сталиндік қамқорлыққа бөленген жас пионерлер, — дейді Х. Доспанова жолдас өзінің қортынды сөзінде, — қайратты, білімді, саналы болып өсуде. Сөйтіп, коммунизм құруға лайықты азамат болуға өзірленуде.

Мұнан кейін мінбеге кінкеш кыз шықты. Бұл Қырғызстан пионерлерінің өкілі — Нұршан Айдарова. Ол Қазақстанның жас лениншілдеріне қырғыз пионерлерінен жалғанды сәлем жолдап, сүңгуір қайық моделін сыйлыққа тартты.

Мәжілісте пионерлер ғалымдардың сөзін қызығып тыңдады. Қазақ ССР Ғылым Академиясының толық мүшесі, профессор А. Жұбанов жастарды көркемөнерді сүйеге, биология ғылымдарының кандидаты А. Кадейко жас мичуриншілер қатарын көбейтуге, техника ғылымдарының кандидаты А. Резняков техниканы меңгеруге, география ғылымдарының кандидаты О. Назаревский туған өлкені зерттеп білуге шақырды. Оқымыстылар жас пионерлерге өздерінің аталық ақылын айтты, ғылымның әр тарауынан кеңес берді.

Слет делегаттары Лева Валейко (Батыс Қазақстан облысы), Галя Федотова (Алматы), Леня Кабатов (Көкшетау облысы) Зейнеш Әкпарова (Алматы облысы), тағы басқалары өздерінің пионерлік істерін айтты, тәжірибелерін ортаға салды.

Кешкі сағат алтыда слет делегаттары республикамыздың көрнекті ақын, жазушыларымен кездесті. Қазақстан Совет Жазушылары Одағы президиумының председатели С. Мұқанов жолдас жас пионерлерді республикамыздың балалар әдебиетінің жәйімен таныстырды. Ақын Т. Жароков, Ж. Сыздықов, Ж. Саин, М. Хакімжанова, В. Копытин балаларға арнаған өлеңдерін, жазушылар Қ. Әбдіқадыров, С. Бегалин, М. Зверев, Л. Макеев қысқа әңгімелерін оқыды.

Бұдан кейін балалар Сталиндік сыйлықтың лауреаты Сергей Михалковтың «Үйге қайтқым келеді» деген пьесасын көрді.

Слеттің екінші күні осылай өтті.

Болашақ конструкторлар

Слеттің 3—4 күндері жас авиамодельшілердің жаңа рекордтарының куәсі болды. Бұл күндері Алматы аэродромында жас конструкторлар өздерінің авиамодель жасаудағы тамаша шеберліктерін көрсетті. Кішікентай самолет жасаушылар талантты өнерлерімен көпшілікті таң қалдырды.

Ашық аспан көгілдір нұрын жерге төгіп тұр. Жайлап ескен самал жел қызыл жалауларды желбіретсе түседі. Аэродром басы бірте-бірте халыққа толып келеді. Топ-топ болып сап түзеген пионерлер мен оқушылар жарыстың басталуын асыға күтіп тұр.

Сағат 11. Авиацияға жәрдемдесуші ерікті қоғамның республикалық комитетінің председателі Н. Быков жолдас сөз сөйледі. Ол сөзін жас пионерлерге арнады.

— Біздің Отанымыз, — деді ол, — авиацияның туған жері. Ең алғашқы ұшқыштар біздің елден шықты. Бүгінгі атақты ұшқыштарымыз да өздерінің шапшаң және алысқа ұшу шеберліктерімен бүкіл дүние жүзін таң қалдырады. Олар бұл шеберліктерін әліде болса жетілдіре береді.

Балалар, Отан сендердің де келешекте Яковлев, Туполев сияқты атақты конструктор болып, Покрышкин, Кожедуб, Бигелдинов сияқты даңқты ұшқыш болуларыңызды тілейді.

Быков мұнан кейін елімізде жас авиамодельшілер қозғалысы кең өріс алып келе жатқанын, жыл сайын жаңа рекорд саны көбейе түскендігін айтты.

— Жарыс туы көтерілсін! — деген команда берілді. Оркестр марш ойнады. Сапта тұрған авиамодельшілер ілгері жүрді. Бұл салтанатты парадтан кейін жарыста басталды.

Көгілдір, ашық аспанда шөкім бұлт жоқ. Тек көздің ұшында ғана бір қара нөқат көрінеді. Ол бірте-бірте кішірейе түседі. Ақырында кезден ғайып болады. Ұзақ кеткен планерді іздеуге дежурный самолет ұшты.

Жарыс сағаттан кейін самолет қайтып оралды. Планер 475 метр биіктікте 8 километр қашықтыққа ұшыпты. Әуеде 27 минут 40 секунд болған. Төреші комиссия бұл республикалық алғашқы рекорд деп жариялады.

Бұл ұшқан планер Алматының 10 мектебінің оқушысы Виктор Архиповтың планері еді.

Алматының 58 орта мектебін бітірген Петр Казаков өзінің асқан шеберлікпен істедінен бензинді моторы бар модельді аспанға ұшырды. Бұл модель әуеде 13 минут 11 секунд болды. Петр Виклормен бірге бірінші орынға ие болды. Петр Казаков бұл жарысқа келгенде

өзбетінше көп жұмыстар істеген еді. Ол быйыл мектепті бітірумен байланысты, өзінің авиация өнеріне жетілу талабын дамыту үшін Москваың авиациялық институтына түсуге әзірленіп жүр. Бұл табыс осындай көп еңбектің нәтижесі еді.

Жарыста резина моторлы модельдер де болды. Мұндай модельдердің ішінен слетке қатысушы пионер ақтөбелік Пихаловтың моделі озып шықты. Оның моделі әуеде 2 минут 11 секунд болды.

Жарыстың соңғы күні республикалық аэроклубтың нұсқаушысы Павел Горыниннің планері тамаша сүйсітті. Оның планері 2 мың 340 метр биіктікке көтеріліп, әуеде 2 сағат 12 минут 55 секунд болды. Бұл рекорд, осы түрлі модельді ұшырудан 1944 жылы дүние жүзінде бірінші орын алған швейцар Гаслахтың рекордынан да асып түсті. Оның планері 470 метр биіктікке көтеріліп, әуеде 1 сағат 55 минут 6 секунд болған еді. Айырмашылық көп. Павелдің бұл жаңа рекорды туралы материалдар Москваға жіберуге әзірленіп жатыр. Павел бірінші орынға дара ие болды.

Авиамодельшілер жарысына 9 облыстың өкілі және аэроклуб пен авиацияға жәрдемдесу қоғамының модельшілері қатысты. Барлығы жарыста 69 модель аспанға ұшырылды. Ұшқан модельдердің бәрі де жақсы нәтиже берді.

Жарыстың қортындысында екі екінші орындарды Алматының 14 мектебінің оқушылары, ал үшінші орындарды алматылық Виктор Скоблев пен ақтөбелік Пихалов алды.

Жарыста озып шыққан жас авиамодельшілер быйыл Москвада өткізілетін авиамодельшілердің бүкілодақтық жарысына қатысады. Олар қазір модельдерін сол үлкей жарысқа әзірлеуде.

Авиамодельшілер жарысы—слетке келген пионерлердің астанада өткізген қызғылықты күндерінің бірі болды. Бұл күні олар жас таланттарды көрді. Өнерлеріне риза болды.



Жазушы Сәбит Мұқанов слет делегаттары арасында.



Жас авиамодельшілер стартта.

Жас өнерпаздар

Пионерлер мектепте отлично оқу, колхозда ерлерше еңбек етумен қатар, көркемөнермен де шұғылданады. Идеология майданының бұл саласында да олар тамаша табысқа ие болады. Мұны слет күндері өткізілген көркемөнершілер байқауы айқын көрсетті. Бұл күндері астанаға келген пионерлер республикамыздың Еңбек Қызыл Ту орденді драма театрында өздерінің өнерлерін көрсетті. Екі күнді байқауда сахнаға бірнеше жүз адам шықты. Олардың әр тобы әр облыстың өкілдері. Орындалған номерлердің жанрлары да әр алуан. Байқау бірнеше адам қатысып айтқан хордан басталып, жеке ән, би, тақпақтармен аяқталды. Алматының 37, 40 мектептерінің оқушылары көп дауысты хорлармен қатар, әдеби монтаждар орындаса, Есік балалары үйінің тәрбиеленушілері (Алматы облысы) оркестрмен «Жеңіс маршы» мен «Концерт полькасы» бйін орындады. Оркестрді басқарған дирижер Ефремовқа жұрттың бәрі риза болды. Ол өзінің әлі буыны қатпаған жастығына, кішкентайлығына қарамастан оркестрді мүлтіксіз басқарып, музыкаға бейім екендігін көрсетті.

Алматының 4 мектебінің 6 класс оқушысы Гиричева «Кремль сағаттары» деген өлеңді, 19 мектептің оқушысы Ыбраева «Көктем» әнін тамаша орындады. Алматылық Разиева Гаяның «Костер туралы өлеңін» де көпшілік сүйсіне тыңдады.

Сахнаға астананың 12 мектебінің оқушысы Көрпешова шықты. Ол «Қосалқа» бйін сазына келтіре орындады. Мұнан кейін шыққан 1 мектептің оқушысы Мырзабеков Соловьев — Седойдың «Алтын оттар», Шостаковичтың «Фонарьлар» деген әндерін жақсы орындады. Оның әнді іркілмей шырқата салуына қарағанда, даусын дамыта түсуге толық мүмкіндігі бар екені байқалды.

Слетке Қызылорда облысынан келген Сәидбаева

«Вальс» бйін, Семей облысынан келген Смирнова «Сталин жолдасқа арналған сөз» тақпағын, Талдықорғаннан келген Маргарита Безденежная «Сталинград туралы жыр» мен бірнеше акробатикалық билер орындады.

Сахнаға Павлодар облысының делегаттары шықты. Шымылдық ашылғанда олар заңдағыларды «Жасасын Москва» өлеңімен қарсы алды. Бұл хордан Москваның бар сәулеті мен даңқы көрініп тұрмайдай. Жастардың қуатты үні сарқылмас Москва күшіні байқатты.

Көркемөнер байқауына республикамыздың барлық облыстарының делегаттары қатысты. Олардың бәрі де өздерінің өскелең өнерлерін көрсетті.

Сонымен бірге пионерлердің аузынан шыққан әрбір сөз совет елінің қуаттылығын, оның жалынды жастары қандай қыйыншылықтан болсын тайсалмайтынын көрсетті. Байқаудың аяғына дейін жастар сахнасынан: «Біз бейбітшілікті сүйеміз!», «Бізге соғыс керек емес», «Соғысқұмарлар өзі қазған орта, өзі жығылады» деген сөздер сан рет айтылды. Мұның бәрі де бүгінгі Америка, Англия соғысқұмарларына айтқан жас буындардың үкімі болды.

Көркемөнер байқауының қортындысында көптеген жас өнерпаздарға сыйлық берілді. Төраше комиссия көпшілік атынан оларға алғыс айтып, өнерлерін одан әрі өрістете беруін тіледі.

Костер басбында

Слеттің соңғы күні, 14 шель, жас пионерлердің өсінен қалғысыз үлкен салтанатты мейрам күні болды. Сағат кешкі 6 дан бастап астананың А. М. Горький атындағы мәдениет және демалыс паркіне слетке келген пионерлер мен қала оқушылары дек-легімен келе бастады. Олардың бәрі де слеттің жабылуына арналған үлкен костердің жағылуын асыға күтті.

Костерден бұрын пионерлер парктің әдемі аллеяларында серуендеді. Көптеп егілген ағаштар мен қызылды-жасылды гүлдерді көрді. Олардың өте ұқыптылықпен егілгеніне ден қойысты. Ал жас мичуринші пионерлер жас ағаш пен гүлдерді ету әдісін көріп, оны еске түйді. Өз мектебінің алдып осындай көркем гүлге толтыруға бекінді.

Сағат кешкі 8 дің кезі. Пионерлер костерді айпала сапқа тұрды. Электр шамдары мен прожекторлар костер маңын жап-жарық етті. ҚЛКЖО Орталық Комитетінің секретары Қанапин жолдас костер жыйынын ашық деп жариялады. Слеттің қортындысы туралы ҚЛКЖО Орталық Комитетінің секретары Доспанова жолдас баяндама жасады.

Доспанова өзінің сөзінде слётке қатысушы пионерлердің көркемөнер, авиамоделшілер, жас суретшілер жарыстарында озып шыққан пионерлерге тоқталды. Төреші комиссияның ұйғаруы бойынша бұл үздік өнер көрсеткен пионерлерге сыйлық берілгенін айтты.

Доспанова сөзінің қортындысында:


— Республикалық комсомол ұйымы сіздер, барлық слётке қатысқан пионерлер, астанада көрген-білгендерің өз жолдастарына, өз мектептерінің оқушыларына айтып барады деп сенеді. Сөйтіп, сіздер өз оқу орындарыңызда басқаларға үлгі көрсетеді, қазір жаз айларында өлке тану саяқатына шығады, егін жыйнау кезінде колхоздарға көмектеседі деп біледі, — деді.

Пионерлер бұл сенімді ақтайтындықтарын білдіріп, ду қол шапалақтады. Оркестр марш ойнады. Пионерлер марштан кейін Совет Одағының және Демократияның жастардың гимндерін айтты.

Костер жағылар алдында пионерлер республикамыздың барлық оқушы, пионерлеріне үндеу қабылдады. Пионерлер асқан қуаныш үстінде бәсеміз және әкеміз Сталинге хат жазып, шексіз сүйіспеншілікпен жолдады.

Мұнан кейін слёт делегаттары Ғабдуғалиев, Томарбаева, Дворкина, Сұханов костер отын тұтатты. Лаулаған қызыл жалын аспанға шапшып, айналаға қызыл-күрең шапақ жайды. Қызыл жалынға төне қызыл галстукті балалар пионерлер маршын айтты. Жастардың шаттық үні костер жалынымен бірге бүкіл әлемге таралып жатқандай. Костер қабындаған сайын пионерлер үні де үдей түседі.

Бұл—біздің үн—совет пионерлерінің үні! Ол үдеген үстіне үдей береді!



Костер басында.

БІЗДІҢ ПИОНЕРЛІК ІСІМІЗ

Өнерпаз боламын

Алматы облысы, Шелек ауданынан келген делегат Зейнеш Әкпарованың сөзінен.

Біздің біріміз — инженер, техник болғымыз келсе, біріміз — әнші, күйші, жазушы, суретші болғымыз келеді. Ал, мен әнді сүйемін. Өлең айтуды жақсы көремін.

Жақында облысымызда балалар олимпиадасы болып өтті. Мұнда мен бірінші рет сахнада тұрып өлең айттым. Айтқанда қазақ, орыс, ұйғыр әндерін салдым, бұл айтқан әндерім үшін төреші комиссия маған бағалы сыйлықтар берді. Мен оған қатты қуандым. Бұл өнерімді жетілдіре беруге ұйғардым.

Біздің мектебімізде көптеген үйірмелер бар. Бұл үйірмелер бізге қосымша көп білімдер береді. Маған әнді жақсылап салуды да сол үйірме үйретті.

Үйірме-біздің талантымызды өсіре беруге көмектесетінін, ой-өрісімізді кеңейтіп, сабақта алған білімімізді байыта түсетінін жақсы білеміз. Олай болса, үйірмеде оқу біздің бірінші міндетіміз. Мен өзім сабақты үзбей отлучно оқумен қатар, қол жеткен табысымды байыта түсемін. Өнерге жетіле беремін.

Қаламызды көркейтеміз

Орал қаласындағы 6 мектеп оқушысы делегат Лева Валейконың сөзінен.

Біздің қаланың пионерлері барлық облыс еңбекшілері сыяқты, үкмет пен партияның қуаңшылыққа қарсы зор күрес — егінді қорғайтын ағаштар егу туралы қаулысын зор ынтамен қарсы алды. Бұл қаулыдан кейін Орал қаласының барлық пионерлері жиіше талдар мен шіліктер питомнигін әзірледі, сөйтіп, оны құратпай өсіруді өздерінің қамқорлығына алды. Қазір питомник ағаштары біркелкі жақсы өсіп келеді.

Біздің пионерлердің тағы бір үлкен бастамасы ағаш ұрықтарын жыйнау болды. Бұл жұмыста қала пионерлері өзара жарысқа түсіп, өнімді еңбек етті. Әсіресе біздің 6 ер балалар мектебі басқаларға үлгі көрсетті. Бұл мектептің дружина пионерлері көптеген ағаш ұрықтарын жыйнады. Олар 495 килограмм үйеңкі ағашының ұрығын, 25 килограмм қарағаш ұрығын жыйнап, ағаш егу станциясына табыс етті. Біздің мектептің пионерлері өздеріне жүктелген міндетті осылай аброймен орындап шықты.

Спорт — біздің ісіміз

Көкшетау қаласы 3 қазақ орта мектебінің оқушысы Әлік Сайфуллиннің сөзінен.

Спорт жұмысын жолға қоюда біздің мектеп қаладағы басқа мектептерге үлгі болып келеді. Біздің мектептегі оқушылардың бәрі дерлік спорт ойындарымен шұғылданады.

Біз спорт ісін кең өрістету үшін жетісіне бір рет болатын физкультура сабағымен қанағаттанбадық. Және оқытушымыз да сабақтан тыс уақытта спортпен көп шұғылдану керек екенін айтты. Сондықтан біз дереу спорт үйірмесін құрып, соған жазыла бастадық.

Біз ең алдымен мектеп қасынан спорт алаңын жасадық. Алаңды айнала көк шөп, бау-бақша жайқалып тұрған әдемі жерден тандап алдық. Сөйтіп, оған керекті спорт құралдарын әкелдік. Мектептің комсомол ұйымының көмегімен бағаналар орнатылды. Волейбол, баскетбол ойнайтын орындар да әзір болды.

Алаңға белгілі күндерде рана баруымыз — бірыңғай спортпен кетіп қалмауымызға көмектесті. Ол жыл аяғында көрінді. Сабаққа үлгіруіміз де, спорт ойындарын меңгеруіміз де айтарлықтай жақсы болды.

Міне, сол алаңға біз қазір де барып тұрамыз. Жазғы демалыс басталғаннан бері, спорт ойынының көп түрлерін үйрендік. Бәріміз жыйналып городки, баскетбол, волейбол ойнаймыз. Стадионға барып, спортшылар ойынынан үлгі алып тұрамыз. Мұның бәрі де біздің жақсы дем алып, шыныға түсуімізге көмектесіп келеді. Спорт ойыны денені шыңратып, көңілді сергек ететінін, мыйды тыңайтатынын біз жақсы білеміз. Сондықтан спорт ойындарын өзіміздің төл ісіміз деп санаймыз. Демалыстың ендігі қалған уақытында спорт ойындарымен қатар, туристік жорықтарға шықпақпыз.



Слет делегаттары жасөспірімдер театры алдында.



ЖАС ҚОНАҚТАРДЫҢ ҚУТТЫҚТАУЫ



Мерекелерің құтты болсын, жас достар!

Қырғызстан пионері Нұрыш Айдарованың құттықтау сөзінен.

Мен күн сәулелі Қырғызстанның жас пионерлері атынан сіздердің туысқан Қазақ республикасының жас пионерлерінің екінші слетін құттықтаймын және сіздерге, Қазақстанның жас пионерлеріне, Қырғызстан пионерлерінің туысқандық жалынды сәлемін жолдаймын.

Барлық одақтас республикалардың пионер ұйымдары сияқты, советтік Қазақстанның жас пионерлер ұйымы да өзінің 25 жылдық өмірінде үлкен істер істеді. Бұл ұйым мыңдаған совет жастарын өз Отанына, большевиктік партияға және сүйікті кәсеміміз Сталин жолдасқа берілгендік рухта тәрбиеледі. Оған Қазақстан пионер ұйымы тәрбиелеп өсірген Талғат Бигелдинов, Мәлік Ғабдуллин, Төлеген Тоқтаров, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлованың ерлік істері әдемі айғақ бола алады. Бұл ұйым жалғыз бұларды ғана емес, бұлардан басқа да сан мыңдаған тамаша адамдарды: майдан батырларын, еңбек ерлерін, ғылым иелерін, көркемөнер қайраткерлерін тәрбиелеп шығарды. Бұл ұйымның бұдан былай да сүйікті Отанымызға лайықты талай тамаша адамдарды тәрбиелеп шығатынына біз толық сенеміз.

Біздер, Қырғызстан пионерлері де, сіздер сияқты, бүкіл Совет Одағының жас пионерлері сияқты, алдағы ұлы іске әзірленіп жатырмыз. Біздер де үстіміздегі оқу жылын ойдағыдай аяқтадық, сөйтіп жазы дем алысқа шықтық. Қазір республикамыздың көптеген пионерлері лагерьлер мен санаторийларда көңілді дем алып жүрсе, бірсырлары өлке тану саяқатына кетті, ал мыңдаған пионерлер колхоздың егіс далаларында егішпен мол өнім алу-

да колхозшы ата-аналарына қолқабыс етуде.

Біздер, Қырғызстан пионерлері, сіздердің бүгінгі салтанатты мерекелеріңізді құттықтап, болашақ пионерлік істеріңізде жаңа табыстарға жете берулеріңізге тілектестік білдіреміз, слет сіздердің сан алуан қызықты жұмыстарыңыздың мазмұнын арттыра түсетініне берік сенеміз.

Жаңа табысқа жетіңдер

Азербайжан пионері Марат Мирзевтің құттықтау хатынан.

Біздер, алыстағы Азербайжан республикасының астанасы — Баку қаласындағы 113 мектептің оқушы пионерлері Қазақстан пионерлерінің республикалық екінші слетінің ашылуын зор қуанышпен құттықтаймыз және туысқан қазақ халқының жас лениншілдеріне шын жүректен пионерлік жалынды сәлем жолдаймыз.


Біздер де сіздер сияқты бақытты, қуанышты тұрмыста еркін өмір сү-

ріп жатырмыз. Быйыл біздің отрядтағы барлық пионер оқу жылын кілең «төрттік» және «бестік» бағалармен аяқтады, бірде-бір оқушы «үштік» баға алған жоқ. Қазір каникуль де өте көңілді өтуде. Біздің отрядтың екі пионері Артектө дем алып жатыр, бес пионер Баку қаласының жанындағы лагерьде дем алып жүр. Ал қалада қалған пионерлер екі рет өлке тану саяқатына шықтық. Бір рет кемеге мініп теңізге саяқат жасадық. Жорықта жүргенде өсімдіктің көптеген түрінен гербарий жасадық. Оны мектебіміздің ботаника кабинетіне әкеліп тапсырдық. Алдағы уақыттарда да тағы талай қызықты жұмыстар жүргізбекпіз.

Сіздер де бүгінгі слеттеріңізде өздеріңіздің осындай тамаша істеріңіз жөнінде айтасыздар. Біз сіздердің оқуда да, еңбекте де басқаларға үлгі боларлық жақсы істеріңіз көп деп ойлаймыз. Слет пионер ұйымының жұмысын бұдан да жақсы жолға қоюға көмектесе түседі деп сенеміз.



Қырғызстаннан келген жас қонақ Нұрыш Айдарова (оң жақтағы) слет делегаттары арасында.



Ауыл мұғалімі

М. ИМАНЖАНОВ

ПОВЕСТЬ

«Бұл жақта күн қандай салқын! Алматы ғой кәзір күйіп тұрған болар» деп ойлады Жақып, мектеп директорының кабинетінде ашық терезеден тысқа көз жіберіп отырып.

Колхоз деревнясы жым-жырт. Қыбыр еткен жан жоқ. Көк-жасылды аймақ аясындағы шағын село күн нұрына шомылып, сағымдана мұнартады. Алыстағы жасыл белестер көк теңіздегі толқын құған кемедей бірде алыстап, бірде жақындап шайқалғандай болып ырғалады.

Оң алақанымен жағын таяшып, бар ынтасымен сол тұсқа тесіле қарап қалған Жақып көңілін сонау бір аласа қоңыр үйдің бұрышынан жүгіріп шыққан екі бала бөлді. Бой жағынан ересектеуі—тапалша келген бұйра шап қараның соңына түсіп өкшелетіп қуып келеді. Анау артына жалтақ-жалтақ қарап қойып, ұмтылады. Соңғысы жетпей қойман дегендей, баспалатып өршеленеді.

«Қанқын» кұтылмасын білді ме, қалай, мектепке тақай беріп арсалақтай күліп кұлай кетті. Анау ай-шайға қарамастан, келген бетге топрақты бората шашты оған. Құйын соққандай шаң аспанға көтеріліп, айналаны қап-қара тозақ басты. Бұл тозаңның Жақып отырған кабинетке де шаршуы тиіп, ашық терезеден күм-топрақ ішке борады.

— Қойындар, балалар, — деп дауыстады ол терезеден басын сыртқа шығарып.

Ойын қызығына салынған балалар мұның сөзіне құлақ аспайды. Топрақты бір-біріне өршелене боратты.

— Дереву кетіндер, — деп жекіді Жақып түсіп суытып.

«Қуғыншы» оған жалт бұрылды.

— Біз саған не қылдық?

Дәл осы минутты пайдаланып екіншісі орнынан атып тұрды да, бұрылған баланың желкесіне шап беріп мініп алды.

— Қап, мынаны ай, ә! — деп «қуғыншы» мойнын

томен нұқын көріп еді, анау қозғалар болмады, мысықша жабысып жатып алды.

— Жібер деймін! Мықты болсаң — қапысыз соқ.

— Жібермеймін. Жалын!

— Мен бе жалынатын, — деп «қуғыншы» керіліп барып шалқалай құлады. Екеуі де сол шаң-тозаңға торс етті. Бірақ тез қыймыл жасап, қолдарын дереу босата салып, орындарынан ұшып тұрды да, сак-сак күліп, тағыда топрақтың астан-кестенін шығарды.

— Тез, жоғалындар! — деп Жақып бұл жолы айқай салды.

Екі бала ойындарын қоя салып енді бұған бұрылды.

— Қоймаймыз, онда қайтесің?

Мойындарын бір жағына қыйсайта, сотқарлық шіпінмен екеуі де мәз бола күмісті.

— Әй, өздерің бері келіндерші, — деді Жақып ызаланып.

— Әй, Сейтен, жүр бері, — деді ересектеуі, — қасына-ақ барайықшы. Тау құлатар ма екен.

Жақып не дерін білмей, осыларға бекер-ақ тиіскен екенмін деп өкінді, жасқана ма деген балалардың сыйқын танып. Оның минуттық бөгелісінен осалдықты аңғарып, екі бала «жөндік» дегендей:

— Әйда, кеттік, — деп жүгіре жөнелісті.

— Бұл не қылған көргенсіз балалар. Өздерінің әкешесі қайда екен? — деді Жақып күбірлеп.

«Адам тәрбиелеуді оңай деме. Алуан түрлі бала бар. Солардың бәрінен азамат өсіріп шығару—ұлы өнер» дейтұғын қарт оқытушысының сөзі өз салмағын оған алғашқы рет дәл осы арада аңғартқандай болды.

✓ Кабинетке жасы елу—алпыстар шамасында, самайына ақ кірген, бурыл шашты, сарғыш жүзді, орта бойлы адам кірді.

— Қадіров, — деді ол қолын созып.

— Әділбеков.

— Мені көп күтіп қалдыңыз ба?

— Жоқ, жоқ, келіп түскенімнің өзі жана ғана.

Бұдан кейінгі әңгіме шұғыл кетті.

— Аудандық оқу бөліміндегі жігіттер кеше маған сен туралы айтқан еді... әдебиетшісің ғой. Педагогика институтын бітірген боларсың, — деді директор бірден «сенте» көшіп.

— Я, бітірген едім, — деді Жақып баяу ғана, жасы үлкен де болса да директордың танысып-біліспей жатып «сен» деп сөйлегені нәқәліні сауыр алып.

Директор Жақып жайын көп сұрап қазбалап жатқан жоқ, бірден жұмыс жайына көшті.

— Жағдайымыз ауыр, шырақ. Мектеп әлі жөнделіп біткен жоқ. Мұғалімдерге үй жетіспейді. Алдағы қыста отыннан да тапшылық көретін түріміз бар, — дей көліп, көп жұмыс күтіп тұрғанын баяндады.

Жақып ауыл мектебінің жайын онша жақсы білмеуші еді. Әйтсе де, хал дәл мына директор айтып отырғандай деп ойламайтын. Көңілге келе қалған күдікті ашпақ болып:

— Барлық мектеп осындай ауыр халде ме? — деп сұрады ол.

— Әр жерде әр қалай. Мектепке жақсы көмектесетін колхоздарда жағдай біздегіден, әрине, басқаша.

— Немене, бұл колхоз мектепке көмектеспей ме?

— Көмектескен болады. Онысы мардымсыз. Председателіміз мінезсіз адам. Кейде олай, кейде бұлай. Жынына тисең—мектепті жап деуден де тайынбайды ол.

Жақып түсін суытып алды.

— Ондайларды біз тәртіпке шақыруымыз керек.

Директор Жақыптың бетіне көзінің астымен күлімсірей қарап, бір нәрсе айтайын деп оқталды да, үндемеді. Аз кідірістен кейін әңгіменің бетін басқа жаққа бұрды.

— Келмей жатып көңіліңді қобалжытпайың. Жұмыс шіркіп біте ме, ол жайында кейін де сөйлесерміз. Әзірше сені орналастыру қажет. Тегінде пәтер мәселесі шешілгенше біздің үйде бола тұруыңа тура келер. Директордың одан басқа дайын үйі жоқ.

Соңғы сөзін ол күлімсіреп айтты.

* * *

— Тойтық, қонақ келді. Шай-пайынды тез қузай ғой, — дей кірді үйіне Күдері.

Ашаң жүзді, бет әжімі көп, сарғайған жапрақтай өңі қуаң тартқан, еңкеп бітімді қара әйел «сәлематсыз ба, шеше» — деп кіріп келе жатқан Жақыпқа көзін сығырайта қарады да, өрнінің ұшын болар-болмас қыбырлатып: «пүкір» деді. Сыр мінез кәрі досының жайын жақсы білетін Күдері оның ыңғайын қабаттынан танып:

— Бұл бала бізде оқу жұмысын басқарады. Алматыдан келіпті. Дәм-тұздас боламыз, — деп жай-жапсарды асыға түсіндірді.

Бойбіше күйеуінің сөзіне онша еліге қоймаса да, Алматыдан келіпті дегеніне құлағы елең етті.

— Біздің баланы білмей ме екен? — деді ол күңк етіп.



— Білсе, білетін шығар, осында ғой, кейін сұраймыз да. Жол соғып, шөлдеген көрінеді, шайынды тезірек реттеп жібер.

Шешей қайтып жауап қатпастан орнынан тұрды да, көнетоз болыскей самауырды тысқа алып шықты.

Кемпір шай жабдығына кіріскен соң, Күдері:

— Үйіміз осы. Бөтенсімей еркін жайғас. Жақсылап дем ал. Мен шай піскенше мектепке барып, оны-мұны жұмыстарымды реттейін, — деп тысқа шығып кетті.

Жақып терезе алдында сүйсулі тұрған сегіз шекті көне домбыраны алып күйледі де, өзі жақсы көретін «Қарабас» күйін шертті. Бірақ пернесі аздық еткендіктен бө қалай — күйдің басы тербеле ырғалып, жайлы, баяу ырғақпен бірте-бірте қанатын жаза ағытылса да перне басқан бес саусақ домбыраның сағасына барғанда, кең тынысы тарылғапдай, үні бітіп, бебеулей берді. Жақып пернелерді әрлі-берлі сырғытып көріп еді, онымен де күй үнінің тынысы көңімей, алғашқы тұттыққан күйкі сарыннан жазбады. «Күй тартуға келмейтін домбыра екен бұл» деп енді ол бір шынтақтай жастыққа сүйеніп жатып ән толғауға кірісті. Домбыраның шегіне ең алдымен «Сағындырған сәулем-ай» оралды. Оны бір-екі рет қайталап тартқаннан кейін «Сырымбет», «Жылқылыбайды» сұңқылдатты. Бұлардан соң тағы бір ән тартпақ болып теріс қақпайға салып еді, онысы оралып келіп «Сағындырған сәулем-айға» қайтып соқты. Пернеде шашыраған үндердің басын қосып, «Сәулем-айды» енді шабытпен шертті. Домбыраның бойын қулап бір әдемі ызын кетті. Ол ызың «Сағындырған сәулем-ай» дегенді анық айтып, бозектеп құлақтан кіріп, жүрекке бойлап сініп жатқан тәрізденді. Әшейінде елеңбейтін осы әннің бүгін неліктен бүйтін сезімге ұрғанына Жақып өзі де таңданды... Көз алдынан Алматының әсем кеші өтті.

Болыскей самауырды екі ығынан демін алғызып, бөйбіше үйге алып кірді. Айналасында малдастап отыратын жатаған дөңгелек стол үстіне дастарқан жайылып, шай жабдығын реттеп жатқанда Күдері де келді.

(Жалғасы бар).



БЕГАЛИН.

Өскелең ой, өр қыялды,
 Жастар құмар жер сырына,
 Албырт қайрат, жүйрік жанды,
 Шығуға ынтық тау шыңына.
 Шықты бір топ жас ұландар
 «Жамантының» бойын өрлеп,
 Аққан өзен, өскен тал бар,
 «Жаманты» өлке жатқан көлбеу.
 Осы өзеннің өр басында
 Бар дейтін ел ыстық бұлақ,
 «Күндіз тұнып арнасында
 Шығад, — дейді, — қайнап сынап».
 Және жалғыз ағашы бар —
 Қара өріктің, өскен зәулім,
 «Қасиетті ағаш, киелі су
 Сырлары көп, — дейді, — таудың»
 Жетті өзеннің өр басына.
 Айтқан өрік тұр ағашы.
 Бейне шатыр тіккен шыңға
 Күн түсірмес кең саясы.
 Сылдыр қағып дәл түбінен
 Ыстық қайнар «сынап» төгіп,
 Айнала асқар сайға үңілген,
 Зәулім жартас көлбей шөгіп.
 Түс болғанда ыстық қайнар
 Мөлдірейді сырын ашып.
 Су астында «сынап» ойнар
 Түнге аспандай жұлдыз шашып.
 Сол қайнардың басында жүр,
 Сақпан қартты көрді ұландар.
 Қайнар суын тұндырып тұр,
 Қолда күрек ақсақал шал.
 Шал шұңқырлап бастауды ойған,
 Жолын бөгеп су ағатын.
 — «Жаманты» деп неге қойған
 Ата, тау мен өзен атын?
 Деп балалар қойды сұрақ,
 Сақпан қарттың қасына кеп.
 Сақпан сушы кәрі мұрап,
 Айтса, атада әңгіме көп.
 Сақпан қарттан қозғалды сыр,
 Жұмбақ болып жүрген ойда
 Қозғалғандай бұлақпен жыр
 Сүнгіді қарт ойдан ойға.
 Бір ырғалып сыйпап басын,
 Үлкен көзін бір төңкеріп,
 Биік қабақ түкті қасын
 Күлімсіреп қойды керіп.
 — Ертеде екен ел әдеті —

ЫСТЫҚ БҰЛАҚ

Күшті әлсізін алған шауып.
 Жаусыз жаққа түзеп бетін,
 Жеңілгені кетеді ауып.
 Сондай үлкен ұрыс болып,
 Қазақ елі қырғын тапқан,
 Ел сақтанбай көшіп-қонып,
 Жүрген кез боп бейқам жатқан.
 Жеңілген ел тастап көшіп
 Малың, мүлкін, жерін, суын,
 Тау қыялап, тасты кешіп,
 Жау жыққан соң тіккен туын.
 Сонда қазақ қолын бастап,
 Қашпай қайта жауға шапқан,
 «Қашпандар! — деп—жерді тастап»,
 Жаманты екен дабыл қаққан.
 Ол ер екен елін сүйген,
 Қымбат көрген арын жаннан,
 Арыстандай жауға тиген,
 Ат жүздіріп аққан қаннан.
 Жау да зұлым айлакер ғой,
 Өрлепті осы сай төріне.
 Оларға да келген бір ой,
 Бекінбек қой тау өріне.
 Тұла бойын ашу кернеп,
 Ер көзіне көрінбей түк.
 Жауды қуып өзенді өрлеп,
 Жалғыз шапқан қыяға тік.
 Жалғыз келген Жаманты ерді
 Қамапты жау сай басында.
 Жау бұрын ап бекін жерді,
 Жан жоқ екен ер қасында.
 Батыр сонда қысылғаннан,
 Шыққан мынау шың жартасқа.
 Жан-жағын жау қамап алған,
 Төнген ажал батыр жасқа.
 Жау қуанып ұстаймыз деп,
 Жаяу өрлеп тасқа ұмтылған
 Сонда батыр жаудың тобын
 Қопарып ап таспен ұрған.
 Жамантының жалғыз өзі
 Лақтырған тас мына жатыр.
 Айтты деп ел көрген көзі,
 Елге аңыз боп қалған ақыр.
 Осы кезде артта қалған
 Қазақ қолы келді қаптап.
 Жау қаша алмай ортаға алған,
 Сонда бәрін қырған таптап.
 Жаулар қашып, қазақ жеңіп,
 Қанын төгіп, алған жерін.
 Жанын қыйып, майданға еніп,
 Ел қорғаған Жаманты ерің.
 Ерте етіп, ерте күннен
 Ер атымен тауды атаған,
 Мына өрікпен мынау бұлақ —
 Белгі мұра содан қалған.
 Жауды жеңіп, тарқап ыза,
 Ер Жаманты тартқан садақ.
 Сол ұрыстан сынған найза
 Сабын осы жерге қадап.
 Айтқан екен батыр елге:
 «Ағашы еді найзам өрік,
 Барғанымда талай жерге

Жауды қуып, болған серік.
 Сынған сабын, тұқыл басын
 Кетем қадап осы жерге.
 Бұл жорықтан мұра қалсын,
 Өрік өсіп кейінгі елге.
 Сол өріктің ағашы екен
 Сынған сонау найза сабы,
 Сонан бері өскен толып,
 Өрік шығад өсіп жабы.
 Сонау тартқан садақ оғы
 Шымдай батып кірген жерге,
 Оқ орнынан су бұрқырап,
 Ыстық бұлақ аққан демде.
 Сонан ыстық су ағады,
 Күндіз шығып қайнап «сынап»,
 Ауруға ем ғып ел бағады,
 Қасиеттеп басын құрап.
 Ыстық бұлақ, мынау өрік,
 Ел аңзында қасиеті бар, —
 Өзі ойланбай жүрген сеніп,
 Айтты шынын ақкөңіл шал.
 Әрі діншіл, әрі сыршыл
 Шалдың сөзін, тыңдап ұғып,
 Тұрды ұландар түйгендей сыр,
 Ізетпенен ішке тығып.
 Сонда дағы ата алдында
 Жаңа ұғымнан сыр ашқандай,
 Суға бәрі шомылды да,
 Күлімдесіп еш жасқанбай.
 — Ата, тыңда біз айталық,
 Ыстық бұлақ судың сырын,
 Біз айтқанда ауыр алып,
 Ашуланып, келме қырын.
 Бұл бұлақта әруақ қонған,
 Әулиелік жоқ ондай күш,
 Болмақ емес, ондай болған
 Суға, ағашқа сыймайтын іс.
 Жер астында бар жылылық,
 Кей жерде одан от тау жанар,
 Жылы сулар содан шығып,
 Сол қызудан қуат алар.
 Қурап кепкен сынық сырық
 Өсіп, гүлдеп бермейді өрік,
 Мүмкін біреу егіп ұрық,
 Өскен шығар сонан өніп.
 Ел қорғаған ер баласын
 Халық сыйлап құрмет қылып,
 Өскен ағаш тау мен тасын
 Аңыз еткен соған бұрып.
 Жер менен көк, су мен шөптің —
 Өз тіршілік өз сыры бар,
 Ғылым көзін ашты көптің —
 Мезгіл жетті сіз де ұғыңар...
 Қызыл құмын безегендей,
 Бір асыл зат шығад қайнап.
 Шым-шым денеге емдей,
 Жанға рақат түссең жайлап.
 Тамаша жер, тамаша өлке,
 Сайрандауға жас ұландар,
 Тастарында Жамантының
 Сан тарихи жазулар бар.



Қ. НҰРБАЕВ

I

— Өттегене-ай, бір аңға екі оқ шығарып көрмеген басымды кәрілік қор қылдың-ау! — деді Аққозы күрсініп. Артқы аяғынан ақсаған ақмарал жаңа жауған ақ қар үстінде анық із қалдырып, шоқаңдап кетіп барады. Қарт мергеннің нұры тайған кәрі көзі жасқа толы, буынынан әл кетіп, қалың төрге шомылған.

— Бүгінгі үнемінен айрылған шығармын... деп келеді. Мерген ұзатып алған аңға қараса, Аюлы сайдың бөлінен асып, Арасанға тіке тартқанын көзі әрең шалды. Аққозы көп жылғы тәжірибе бойынша ұшқан құс пен жүгірген аңның мекені мен жатағын, қайда тоқтап, қайда жатарын анық болжайды. Сондықтан ақмарал Арасанның жанындағы қалың қарағайдай асып кетпес деп ойлады.

Ол ақырғы қортындыға байлау жасады:

— Қой, Ақшалдың үйіне жетейін. Аңшы болмаса да, көзі жіті, буыны берік жасөспірім жігіт емес пе? Алдашты ертіп шығып, аңның ізіне қайта түсейін...

Аққозы Ақсайдың бойында отырған кәрі жолдасы Ақшалдың жапырайған жаман үйіне тартты.

II

Аққозының жүзінен өкініштің ізін көрген Ақшал алты ай көтермеген, ауру даң қылған басын әзір көтерді.

— Жарқын, өкпен өшіп, өкініш жеңін дел-сал болып келіпсің, не болды?

— Атқан аңымнан айрылдым. Өзіңнен бір мүшел жас болсам да, кәрілік мені де жеңе бастады. Кәрілік те кедейлікке серік болайын дегені ғой. Арасанның орманына енді жаралаған ақмаралым. Балаңызды маған қосыңыз. Аңның ізін тауып, екі үйге үнем етейік.

— Жарқын, бұл бір сапарға ғана емес, баламды өз жаныңа өле-өлгеніңше қостым, ақылыңды үйрет. Өлмелі әке-шешесін асырайтын болсын.

Осымен сөз бітті де, 16 жасар Алдашты Ақшал қарт аңшыға ертіп, әкесінің ескі шиті мылтығын алып, жаралы аңды қууға аттанды.

III

Қарт аңшы мен жас жігіт әлден уақытта ақмаралдың ізіне кездесті. Із жоғары өрлеген екен.

— Биікке шығуға, қарағым, менің өкпем шыдамас. Ізді сен індет, мен етекпен қағайын.

— Жарайды.

Алдаштың ойы ақмаралды өзім атсам екен деп келеді. Ө дегенше бір қарағайдың түбінен ақмарал қаша жөнелді. Алдаш аңның артынан қуып, жүгіріп келеді. Ұрымтал жерге келгенде Алдаш отыра қалып, мылтықтың құлағын қайырып, тартып қалғанда, тө-

меннен бір мылтық даусы да қатар шықты. Ақмарал сайға құлап кетті. Алдаш та төмен құлдылап келеді, аңға ол қарт аңшыдан бұрын жетті. Екпінімен келген бойда етігімен бұлаққа күмп берді. Бір ғажабы: бұлақ суы ың-ыстық екен. Бұлақтың басы да таяу екен, бір тастың түбінен қайнап, ыстық су ағып жатыр.

— Ата, қараңызшы, мына бұлақтың суы қандай ың-ыстық.

— Бір шипа боларлық су болар...

Аңшылар көшпекке қарай күн батпай-ақ Ақсайға келіп жетті. Аққозы маралды Алдаштың қалай атқанын айтып, ыстық суды тапқанын, атқан оғы маралға тигенін әңгімелеп, кемпір-шалдың көңілін көтеріп, Ақшалды ыстық суға анарып салуға уәде берді. Бір жетіден кейін Ақшалды азық-түлігімен Арасанның ыстық суына әкеліп түсірді. Ақшал бір ай шамасында жазылып, науқасынан айынып кетті.

IV

1923 жылы жазда Ақсай бойына Москвадан бір топ адам келіп, ақ шатыр тігіп жатты. Олар ауыл адамдарына өздерінің түрлі жер байлығын зерттеп жүргенін айтты. Зерттеушілер бір әңгімесінде: жергілікті қазақтар қалай емделіп келді деп сұрады тұрғын адамдардан. Бір қарт: қазақ арасында сарысудан ыстық бұлақтың суымен емдеу жолы барлығын айтты.

— Ол ыстық бұлақтың көзін алғаш тапқан мына Алдаш деген жігіт.

Ғалымдардың біреуі:

— Бізді ертең сол бұлаққа өртіп барасыз ба? — деп өтінді Алдаштан.

Қазақ емі негізді болып шықты, ғалымдар Арасан бұлағы суының ауруға ем екендігін анықтады.

Жаңа өмір келген соң ел де жаңарды, жер де жаңарды. Сол көп жаңалықтың бірі 1929 жылы болды. Ыстық бұлақ зерттеліп, Арасанның басында жаңа курорт ашылды. Содан бері бұл курортта талай мың адам сарысу, ревматизм сыяқты аурулардан емделіп шықты.

Осы курорттың ашылуына себепкер жас жігіт Алдаш та Ұлы Отан соғысының мерген солдаты болды. Ол 1943 жылы Ленинград майданында неміс-басқыншыларға қарсы күресте 404 немісті өлтіріп, бір ұрыста жаралы болып елге қайтты. Майдандас достар Алмарасан курортында емделді. Жарасы жазылып майданға қайта аттанғандардың арасында Алдаш та бар еді.

Алдаш достарына Алмарасанның ашылуына себепкер болған ақмарал уақығысын сонда айтып берген еді.

БОЛАШАК ШЫНДЫҚ

А. ЛЕКЕРОВ

Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағасы ертеде биік жар болды. Ертелі-кеш ойнаған теңіз толқыны сол жарға келіп шолып-шолып соғып жататын. Бірақ қандай дауыл болса да, өркендеп ойнаған толқын сол жардан асып кетпейтін. Сондықтан да теңіз жағалап, балық аулап күнкөрген бір топ кедей шаруалар жайдақ жағадан толқын соғар деп қорқын, осы жар басына орналасады. Олардың қыстақтары да «Жарбас» атанады.

Жалаудың атасы Жақан қарт осы Жарбаста туып, жасынан Каспий теңізімен сырлас болып өсті. Кешкілікте қолы бос кезінде Каспий сырларынан өзі білгенін балаларына жыр етіп айтып отыратын. Ол кейде әңгіме үстінде ауыр күрсінетін.

— Ата, неге күрсінесің? — деді бір күні Жалау қартқа қарап.

Жақан қарттың күнге күйіп, жел қағып, май жаққандай жылтыраған жүзіндегі терең әжімдері де талай сырды жасырып тұрғандай көрінді Жалауға.

Қарт алдында көкжиекпен ұштасып жатқан теңіз толқынына жар қабағының астындағы ойлы көзімен қарап:

— Қарағым, қалай күрсінбессің, мен үшін алдындағы Каспийдің мол суы күн сайын сабасынан орта түсіп суалып бара жатқан сыяқты. Бұрын біздің ауыл осы толқынның жар қабағында еді, қазір теңіз суы 15—20 шақырым алыстап кетті, байқайсың ба, бұрын мына жерде де теңіз суы болған, — деп, қарт немересіне аяғының астындағы малта тастарды алып көрсетті. — Шіркін, осы суды қайта сабасына келтірсе деп ойлаймын. Міне, мені күрсіндіретін осы ой, қарағым.

Атасының бұл сырын салмақпен тыңдаған Жалау, әлде нені есіне түсіргісі келгендей, аз ойлашып отырып қалды. Сол кезде бұлардың қасына бір ат-арбалылар келді.

Бұл келген инженер Ахмет еді. Әдеттегісінше ол: «Теңіз беті жарық болсын, аузың толы балық болсын» деп әзілдей келді. Оның әзіліне қарт бұрынғыдай жауап қайтармады. Жар қабағын бір көтеріп қойып, ернін ғана жыбырлатты.

— Ата, бүгін ұйқыңыз қанбаған ба? — деді Ахмет тағы қалжындап.

— Ұйқым қанғанымен, шәлім қанбады, — деді қарт.

— Теңіз жағасында адам шөлдеуші ме еді?

— Сол теңіз суы шөлдетпек түгіл, жыл сайын қарынымды ашырып келеді. Көрмейсіз бе, күн сайын сабасынан орта түсіп келеді. Мүмкін... деп қарт қыймағандай алыстағы теңіздің жәй шайқалуына қарады.

Арыдан ойлайтын қарттың ой өрісін білейін деген Ахмет:

— Мұның себебін өзіңіз неде деп ойлайсыз? — деді қартқа.

— Шыжыған ыстық мынау, күндіз-түні Қаракұмнан аса соққан қызыл жел суды суалтпай қоюшы ма еді. Бұған не шара бар?

— Күннің ыстықтығы бұрын болмады ма, қызыл желде ертеде есе соқпады ма, — деді атасына.

Қарт пен инженердің әңгімесін аузын ашып тыңдап қалған Жалау, атасының бұл сөзін естігенде:

— Онда күн бұдан да ыстық, қызыл жел бұдан да өктем сыяқты еді, қарағым.

— Сол кезде суалмаған су, енді неге?.. деген баланың сұрағына қарт жауап бере алмады. Ойлашып қалды.

Ахмет қағаздарын ақтарып үлкен картамы алып, алдарына жайды. Қарт та, бала да сол картаға үңілді.

— Міне, көресіздер ме, мынау бүгіліңкі көк иірім, алдымыздағы Каспий теңізі. Оның қайнар көзі тұс-тұстан желіп құятын өзендер, — деп инженер қарт пен балаға Каспийге құятын Еділ, Жайық тағы басқа өзендерді көрсете бастады...

— Байқайсыздар ма, бұл өзендер сонау қаһарлы қысты, дүлей боранды Мұз мұхиты маңындағы мыңдаған бұлақ, жүздеген өзендерден құралады. Каспий теңізі суының төмендеу сыры күннің ыстықтығынан да, Қаракұмның қызыл желінен де емес, табиғаттың құбылмалы сырынан, — деп ол қарт пен балаға карта бетінен Печера, Вычега өзендерінің бойын нұсқап көрсетті:

— Міне бұл жерлерде кейінгі 30 жылдан бері әуерайы кілт өзгерді, жылылық ерте түсті, қар, жаңбыр аз жауатын болды. Сондықтан да бұрын осы екі өзен маңынан Еділ, Жайық өзендеріне құятын сулар азайды. Міне, Каспий суының төмендеу себебі де осында, — дегенде қарт қабағын селт еткізін көтеріп, таңыйтып, жете білетін адамдай картаға үңіле түсті:

— Қарағым, сендер өнерлі заманның балаларысыңдар, мынау тармақтанып жатқан көк сызықтарыңның барлығы өзен болар, солардың барлығын осылай қарай бұруға болмай ма? Шіркін, су арнасы кеңейсе, оның қазынасы да көбейер еді, — деп қарт басып көтеріп, алысты, келешекті қамтығандай көкжиекке қарады.

Қарттың болашақты, ұрпақтарының қамын ойлаған сырын сезген Ахмет совет ғалымдарының сараң табиғатты меңгерудегі ұлы істерімен, олардың да өртеңгі ойларын айтты.

«Рыбинск» теңізінің маңында Совет адамдарының қолымен жасалған Леча және Воже көлдері бар. Міне, мынау сол екі көл, — деп Ахмет картадан көрсетіп жатып, — алдағы уақытта Шексна өзені арқылы Жайық өзеніне құюға болатындығын, сонда Каспий

теңізіне 6 текше километр су қосылатындығын айтты.

Бұл әңгіме үстінде Жалау жайраңдай күліп, қарттың да қатпарланған жүзі жадырап картаға үңіле қарасып:

— Тағы қандай мүмкіншіліктер бар? — деді.

Инженер карта бетіне бұрынғыдан да шұқшыя түсіп, қарт пен балаға Печера, Выгега өзендерін көрсетіп:

— Міне байқайсыздар ма, бұл өзендер қазір судап кенде емес. Мұз мұхитына күйіп жатыр. Совет ғалымдары бұл екі өзенге бөгет жасап, оңтүстік Мылве, солтүстік және оңтүстік Келтме өзендері арқылы Камаға әкеліп құю мүмкіндігін тауып отыр. Сонда Каспий теңізіне жүздеген текше километр су қосылатынын, бұрынғы арнасынан да асып түсетінін айтты.

Сол кезде дәл бұған дейін күрсінген қарт көңілденіп, жоғары қарады.

Жас Жайлау тағыда бір жаңалық күткендей кішкене көздерін инженерге қадап қалыпты.

Ол күткені жарқын келешек.

Бұл, келешек туралы үлкен ойлардың бастамасы ғана. Мүмкін, жас ұрпақтар Ертіс өзенін кең байтақ республикамызды аралатып ағызып әкеліп, Арал теңізіне құяр. Арал теңізін Каспиймен ұнтастырып, су кемесімен Семейден шығып, Ақмола, Қостанайды басып, Арал арқылы Каспийге желіп, Еділді өрлеп Москваға дейін саяқат жасар. Жаңа арналардың жағасынан ағашты алқаптар қанатын жаяр...

Бұл — болашақ шындық туралы ой.

Саяқатта

IV. ХАЛЫҚ ҚУАНЫШЫ

«Гигант» дейтін заводта
Шақырылды жыйылыс.
Толды клуб халыққа,
Барлығы да жарқын түс.
— Біздің кенші жолдастар!
Таптық тағы бір табыс,
Саяқатшы балалар
Етті бізге қолқабыс, —
Деп бастады өз сөзін
Сол заводтың парткомі,
Шаттық басқан жүздерін,
Тыңдаушылар көңілді.
Естігенде кеншілер
Табылғанын ақ күміс,
Ду-ду соғып қолдарын
Десті бәрі: «Дұп-дұрыс!»
Инженерлер Бейсенді
Көрді таудай мақтаныш,
Партком оны құттықтап,
Көп атынан айтты алғыс.
Тебіrentті жүректі
Игілікті бұл жұмыс,
Деп санаймыз қуанып:
«Күміс-елге зор ырыс!»

V. «КҮМІС ТӨБЕ».

Көркі «Күміс төбенің»
Тартты көптің жүрегін.
Аты шығып әлемге
Завод болды ол бүгін.
Пионер Бейсен «жас ғалым»
Алмаса да атағын,
Ардақтысы болды ол,
Алдағы аға-апаның.
Көріктеніп, нұр төгіп,
Сәулеттенді сол аймақ.
Еңбек сүйгіш ерлермен
Шұғыладай тұр жайнап.

Білмей оны ойға қап,
Жорықшылар тұрысты.
Сылдыр етті бір сұрақ:
— Ал, инженер, не? — деген.
Тұна қалды бар құлақ,
Сол сұраққа көлденең.

III. БҮЛ НЕ?

— Уқсап-ақ тұр бір кенге,
Кен емей, ол немене?
Тасқа кене кіреме,
Құлақты тасқа теңеме! —
Деді Бейсен бір кезде
Тасқа қарап таңданып.
Салмақтады көз сүзе,
Әрқайсысы қолға алып.
Жонып көрді Қуандық,
Шекіп Бейсен тіспенен.
— Тұрсын — десті қуанып —
Күміске тап уқсап сен.
Күміс не ол, жоқ па нақ.
Бірақ, олар таппады
Кітап бетін саралап,
Жауап іздеп ақтарды
Жазды жердің ой-қырын,
Картаға да түсірді.
— Саған бастап жетерміз
Білгіш шахтер — кісіні.
Деді олар. Қойды ат:
«Күміс төбе» болсын деп.
Қайтты, бітті саяқат —
Кешкен қызық күндер кө.



Қ. БОРАНБАЕВ.

Жаз. Демалыс. Жайлы кеш.
Орман, дала, тау, белес —
Туған үйдей көзге ыстық,
Бәрі таныс, жат емес.
Алау жағып сол кеште,
Таң-тамаша маздатқан.
Қойып көңіл кеңеске,
Көп отырып, аз жатқан.
— Мына таста күміс бар!
— Алтын алам бұл тастан!
— Қорғасын ғой, қойыңдар! —
Десіп олар таласқан.
Тап осындай егесте,
Ғалымдардай қағысқан.
Бейсен жайлап сөйлесе,
Дау шешіліп, табысқан.
— Келсе кімнің білгісі.
Кітапта бар жауап сөз, —
Дейді Бейсен. Білігі:
Әрі дұрыс, әрі тез.

II. ОТ БАСЫНДА

Ағаш мосы. От басы —
Жорықтағы көрініс.
Отыр барлық жолдасы,
«Бейсен жасар — деп, — зор іс»
Шоққа салды жалынды,
Тапқан тасын «Қайнардан».
«Балқығанда, бар сыры
Мәлім болар, — деп, — маған».
Көптен кейін сынаптай
Сусып одан су аққан.
Бейне бөлек кеткендей
Бір тамшы су бұлақтан.
Шалып соны көздері,
Болды бәрі маз-майрам,
Қаңылтырмен сол жерді
Алды бөлек шоқтардан.
Тал шыбықпен шұқылап,
Бір зат тапты ақ түсті.

Қызыл Жұлдыз Күндер

Ленингорск қаласынан бұн көтеріле шыққан жеңіл машина көзді ашып-жұмғанша қарағайлы ну орманға келіп кірді. Жол үстінде кездескендерді білгісі келген жолаушыларға лагерь бастығы Василий Ильич Димонов түсінік беріп аяқтағанша, машина сыр етіп лагерьге де жетіп келді.


— Міне, орман адамдарының таңы жаңа атты, — деді Василий Ильич, машина тоқтай қалғанда, пионер горнының даусына құлақ тігіп.

Ие, нағыз орман адамдары Аспанмен тілдесе өскен ұзын қарағай, бойшаң ақ қайың, өрім терек арасына орнаған лагерь. Оның қатар-қатар үйлері, тізбектелген кіршіксіз ақ шатырлары көз тартады. Лагерьдің әдемі көрінісін табиғат байлығы сәндейді түседі. Оғу жылы аяқталысымен жазғы мекеніне келген бақытты балалар жайлайды бұл орманды. Василий Ильичтің «Орман адамдары» деп тұрғаны осылар.

Ертемен бұлбұлға үн қосқан Коля Гуляевтің алқызыл шапақты жалау таққан горнының дауысымен оянған лагерь, бес минут ішінде отряд-отрядымен сап түзеді. Ертеңгі зарядка басталды.

Отряд вожатылары лагерьдің аға пионер вожаты Неля Михайловнаға рапорт беріп жатыр. Пионерлердің барлығы түгел орындарында. Линейкадан өткеннен кейін пионерлер өзен жағасына кетті. Ұйқыдан маужырап тұрған жас жеткіншектер тау өзенінің суына жуынып бой сергітті.

Міне лагерь күні осыдан басталды. Балалар күнделікті дағдымен лагерьдің ішкі ережелерін орындауға



Ауырлығы 3 кг. темір допты лақтыру.

кірісті. Төсек орындарып жыйнағаннан кейін әр топ кезегімен ертеңгі тамаққа жыйналды.

Асхана. Бүгін мұнда дежурныйлар—бесінші отрядтың пионерлері. Үстіне ақ халат киген қарт ана өзі пісірген тамақтың дәмін татып:

— Қызым, — деді жауапты дежурный болып жүрген бесінші отряд вожаты Валентина Васильевнаға, —мына балаларым ыстық тамақты отырғандардың үстіне төгіп алмасын, сақ болындар. Менің кәрі қолыммен даярланған дәмді тамақ балаларыма мол жетеді, өлшеп-талғамай бере беріңдер.

Бұл қарт ана осы лагерь ашылғаннан бері жеткіншектердің асбапшысы болып істеп келе жатқан Евдокия Наумовна Тихоновская болатын. Оның пісірген дәмді тамағын балалар өте сүйсініп ішеді. Бүгін де солай болды.

Лагерьдегі он отрядтың әрқайсысы ертеңгі тамақтан кейін өздеріне белгіленген іспен шұғылдануға кірісті. Төртінші отрядты бастаған лагерьдің физкультура жетекшісі Леонид Турышев саяқатқа аттанды. Бұлар лагерьдің сол жағындағы Синюга шыңына шықпақ. Таудан кеп тастарын жыйнап, өлке зерттеу музейі мен мектептерге экспонат апармақ. Олар зерттеген материалдары арқылы туған өлкесі — Ленингордың экономикалық байлығымен танысуды көздейді.

Жас мичуриншілер үйірмесін бастаған Неля Прусова Тихая және Громатуха өзендері тоғысқан сағаға қарай жөнелді. Бұлар өсімдік, жәндік гербарийін, мектептің биология кабинетіне экспонат жыйнайды, лагерь аймағын зерттейді, лагерь маңында мекендейтін құстар мен жан-жануар картасын жасайды, өзендер мен өсімдіктердің өзгешелігін зерттейді.

Ал, бір отряд лагерь орталығындағы спорт алаңында физкультура ойындарының неше түрлерімен шұғылданып жүр. Физкультура-спорт алаңында волейбол, баскетбол, қалашық алаңдары жасалған. Онда желқайық, ағаш ат, әткеншек, шығыршықты арқан сыяқты алуан спорт құрал-жабдықтары бар. Бір топ балалардың жеңіл атлетика жарысы өткізіліп жатыр.

Лагерьдегі кітапханада газет, журнал, кітап оқып отырған балаларды да кездестіресің. Барлығы да кезегімен пайдалы істермен шұғылдануда.

Осы кезде тағы бір жерді әдебиет үйірмесінің меңгерушісі, тәрбиеші Августа Георгиевна Анциферова әңгіме өткізіп жатты.

Толқынды өзен жағасы. Қарағай мен ақ қайыңның сиректеу өскен жерінде бүгін ғана емес, мұнан бұрын да талай жыйын, қызу әңгіме өткенді. Жағадағы үйдей тас, лагерьдегі пионерлердің қайсысына болса да

осы тастан тарайтын сыяқты. Өйткені талай қызықты әңгімені осы дастың жанында отырып естиді олар.

Августа Георгиевнаны жыйырма бес пионер қоршап алған. Әңгіме өте қызықты—«Менің сүйікті кітабым» деген тақырыпқа арналған. Барлық ынта, ықыластарып аударған қыялы әртарапқа шарықтаған жас ұрпақтар әңгіме аяқталысымен, тәрбиешісіне жаудырып сұрақтар қоя бастады. Күлпан Белегенова: — Біздің Лениногорск қаласы мен Өскемен қаласының арасында қандай айырма бар? Өскемен пионері Зина Плетина Лениногорсктен Өскемен жақсы, деп мақтанды. Бұл қалай? — деп сұрақ қойды.


Августа Георгиевна оларға:

—Өскемен де, Лениногорск де—жақсы қалалар. Сонау салынып жатқан Ертіс су электр станциясы құрылысы біткенде бұл екеуі бұрынғыдап да жақсарды. Ал бұл екі қаланың бірінен бірі озып кетуі, сендер сыяқты жеткіншектерге байланысты. Сендер жақсы оқып, пайдалы маман болсаңдар, қала да жақсы, дала да жақсы болмақшы, — деп жауап қайырды.

Жас ұрпақтарды тәрбиелеуде тәжірибесі мол Августа Георгиевна пионердің ішкі сырына да жетік.

— Бір күні, — дейді Августа Георгиевна, — Светлана Николаева жабырқау, ешкіммен сөйлеспей шеттеп қалды, тіпті тамақ та ішпей қойды. Оның бір нәрсеге өкпелі екепін сезін, оңаша сөйлестім. Бірақ ол сырын айтпады. Болмаған соң, оның сырын мектепте бірге оқыйтын дос қыздары арқылы аштым. Сөйтсек, Светлананың ата-анасы жылма-жыл оның туған күнін атап, парталас достарын үйіне шақырады екен. Оған сыйлық тартады екен. Жұмыс күні болғандықтан олар лагердегі қызына келе алмапты. Ол «менің туған күнімді ешкім ескермеді» деп осыған ренжіген екен. Мұнан кейін басқа пионерлерге гүл жыйнатып, сыйлыққа бір кітап алып, оның туған күнін атадық, отряд пионерлері оны құттықтады. Міне содан кейін Светлана бұрынғы жайдары қалпына түсті.

Өзінің он жыл мұғалім, төрт жыл пионер лагерінде тәрбиеші болған уақыты ішінде Августа Георгиевна



Лагердегі балалар доп ойнап жүр.

талай оқушы, пионерлердің бабын тапты, өзінің аналық мейірімімен оларды жақсылыққа баулып келеді.

— Пионерлердің көпті білгісі келетіндігі мені де көп тың тақырып, қызықты әңгіме табуға мәжбүр етеді, — дейді ол.

Сүйікті тәрбиеші Августа Георгиевнаның өткізген әдебиет тақырыптарына арналған кештер де басқа тәрбиешілерге үлгі болды. Жас ұрпақтарды шын мағнасында коммунистік рухта тәрбиелеуші Августа Георгиевнаны отряд пионерлері, бүкіл лагерь адамдары өте қадірлеп, құрмет тұтады.

Лениногорск қаласы жанындағы пионер лагеріндегі балалар жаз кезінде осылайша қызықты, жақсы дем алады. Олар өлке тапу жорықтарына қатысып мектептеріне алуан экспонат, гербарий жыйнайды, ой өрістетеді.

Мұндағы жазғы маусымда дем алатын 1500 дей көпшілер балалары, лагерде өткізген күндерінің ертеден кешіне дейін пайдалы іспен шұғылданады.

Б. МАҚАТОВ,

Лениногорск қаласы.

ЕНІ ӨЛЕН

БІЛЕ МЕ ЕКЕН

Қос өкпеден оқ қадалды,
Өлді солдат тартып азап.
Белградтың көшесінде
Жас коммунист жатты қазақ.

Алатаудың бөктеріндей,
Самай шашын қырау шалған,
Қарт серб кеп құшақтады,
Азатшысын өліп қалған.

Өлікті әкеп жерлерді ол,
Өз үйінің іргесіне.
Қабырына бас иеді,
Әр күнінің әр кешінде.

Тито, Кардель күнде екі рет
Сол көшемен жүреді екен.
Бірақ шалдың жүрегінде
Не сыр барын біле ме екен?

АРМАН

Сен өкпелі:
Уақыт күтпеді, деп.

Ол наразы:
Уақыт жетпеді, деп.

Енді бір еріншектер кездеседі,
Қабак шытқан:

Уақыт өтпеді, деп,
Шіркін, мен уақыттан озып кетсем!
Ертеңгі арманыма бүгін жетсем!
Асырып аршынымды сол жүйріктен,
Қол былғап, алдынан бір орап өтсем!

Қ ЖАРМАҒАМБЕТОВ.

Жас спортшылар спартакиадасы

1. Күшпеген кездесу

Бұдан екі жыл бұрын Семигазы Түндікбаев Солтүстік Қазақстан облысындағы Предгорный орта мектебінде оқып жүрген еді. Осы уақыттан бастап ол өзімен бірге оқыйтын Жақай Баймурзинмен дос болды.

Жақай мен Семигазы сабақты бірге оқыды. Колхоз егіншісіп, астық орыла бастаған кезде, масақ теруге, егін жауларын күртуге бірге аттанды. Жұбын жазбай жүріп олар радиоқабылдағыштар жасады. Екеуін айырылмастай дос өткен бұдан басқа да бір іс болды. Ол спорт.

Жақай мен Семигазы екеуі де спортпен шұғылдандуды айрықша сүйетін еді. Бұлар күн сайын таңертең жазық далаға жететін. Биік жардэн, кездескен арық, жыралардан секіріп дағдыланатын. Демалыс кезінде турникте неше түрлі жаттығулар жасайтын, футбол, волейбол ойнайтын, суда жүзуді үйренетін.

Жақай мен Семигазыны балалар жақсы көретін. Олардың үздік оқыйтынын, түрлі спорт жарыстарында өз мектептеріне сөз келтірмейтінін ұнататын.

Бір күні Семигазы кенет көңілсіздікке тап болды. Ол өзінің сүйікті досы Жақайдың ата-анасымен бірге туған жерден алыстап, Гурьев облысына кететінін есітіп, қатты қынжылды. Екі дос қыймастықпен қол қысысып, амалсыз айрылысты.

Уақыттар өтіп жатты. Жақай басқа облысқа келген соң да спортпен шұғылдандуын тоқтатпады. Дружинадағы пионерлерді спортпен айналысуға дағдыландырды. Балалардың ішінен гимнастика мен жеңіл атлетиканы сүйетіндерді іріктеп, олармен өзі шұғылдана бастады.

Семигазы да қарап қалған жоқ. Ол өзінің спорт өнеріне жетіле бастағанына бұрынғыдан да сенімді болды. Семигазы өзі оқып жүрген Предгорный мектебінде физкультурашылардың үлкен коллективін басқарды. Мұнда спорттың әралуан түрімен 8 секция шұғылданды. Спорт жөнінде бұл мектептің аты бүкіл ауданға, облысқа тарады. Спорт жарыстарында мектеп озып шығып, сыйлықтар, грамоталар, көшпелі қызылту, диплом ала бастады.

Арада 2 жыл өтті. Гурьевте болып өткен облыстың спартакиадада Жақай Баймурзин жүгіру мен секіруден үздік шықты. Бұл кезде Петропавл қаласында Семи-

газы Түндікбаев жүгіруден және баскетболдан Солтүстік Қазақстан облысы бойынша чемпион болды. Екеуі де астанада өткізілетін республикалық спартакиадаға қатынасуга жолдама алды. Бірі батыстан, екіншісі солтүстіктен, мектеп оқушыларының республикалық спартакиадасына қатынасуга гүлденген астанаға келін тағы да бас қосты.

Спартакиадаға жыйналған жас спортшылар бір жатақханаға орналастырылды. Бәріне ортақ жуынатын бір бөлме бар еді. Жақай өз бөлмесінен шығып, жуынатын бөлмеге бет алғанда, бір таныс адамның жүзі көз алдынан жалт беріп өте шықты.

— Бұл Семигазы емес пе? — деген ойға қалды Жақай сол жерде.

Жақай қатты дауыстап жіберуге сәл-ақ қалды. Оның қарсы алдында қақпақ жаурынды, ұзын бойлы, денесі күнге күйген, нағыз жас спортшының сымбатты келбеті тұрды. Жақай тез бұрылып қарай бергенде әлгі де гана көз алдынан өткен жас спортшыны көрді. Артынша қуанышты дауыс естілді:

— Семигазы!

Екеуі құшақ жайып табысты. Ұзақ әңгімелесті. Мұнда не үлгіп келгендері туралы әңгіме қозғаған жоқ, екеуіне бұл жағдай толық түсінікті де еді.

2. Рекордтар жарыспа жасалады

Бұл күндер балалардың ұзақ уақыт есінде сақталады. Алматы стадионына түрлі ұрандар мен плакаттар ілінген және ол көсемдеріміздің суреттерімен безелген. Көрікті салтанатпен 700 ге жуық жас спортшылар салқа тұрды. Олар сап түзеп, үкмет трибунасы қасынан өтті. Күнге күйіп, шымыр денелері шыныққан, жігерлі, батыл жас спортшыларды трибунаға тұрған үкмет басшылары партия, комсомол қызметкерлері құттықтады.

Алдыңғы сапта Семей облысының жас спортшылары келе жатыр. Бұлар бұрын болып өткен спартакиадада жеңіл атлетикадан, гимнастикадан, баскетбол мен жүзуден озып шыққан болатын. Екінші қатардағы сапта алматылықтар, бұлардың сонынан шымкенттіктер жүрді.



Оқушылар спартакиадасында 200 метрге жүгіруден республикалық рекорд жасаған Әзила Балтабаева.

Ту көтеру — спортсмендерде ертеден келе жатқан дәстүр. Жарыс басталар алдында ту көтеріледі де, жарыс аяқталған соң алынады. Сөйтіп, ту көтеруге бірнеше рекордтармен көзге түскен, шыныққан спортшылар — Светлана Гусева мен Степан Абашкин шақырылды.

Совет Одағының мемлекеттік гимні ойналды. Музыка үнімен қосыла ту да бау жоғары көтеріле бастады.

Салтапатты жүріс аяқталды. Спорт жарысы басталды.

Семей мектебінің оқушысы Лариса Пистменская 200 метр қашықтықта 29,6 секундте жүгіріп, республика бойынша жүгіруден рекорд жасағанына көп уақыт өтті. Содан бері бұл қашықтықты ешкім де жылдам жүгіріп өте алмаған еді.

Алматыдағы 36 мектептің оқушысы Әзила Балтабаева жүгіруден стартқа шықты. Ол бәрін де ұмытты. Ол тек алдындағы ақ сызық — түзу жолды ғана көріп тұр. Онымен қатарласа жүгіруге әзірленіп, бірнеше жолдас қыздары тұр.

Төреші қолындағы кішкене жалауды бығғап: «Марш!» деді. Стартта тұрған қыздар оқша атылып, алға ұмтылды. Жоғарыда көріп отырғандардың: Ұмтыл, Әзила! деп, дем берген дауыстары естіледі.

Бірнеше секунд өткен соң Әзила озып келіп, көрінген ақ лентаны үзді.

Төрешілер уақыттарын белгілеп жазып қойды. Бәрінің де белгілегені бір-ақ уақыт — 29,3 секунд. Сөйтіп, Әзила Балтабаева жүгіруден озып шығып республикалық рекорд жасады.


800 метр қашықтыққа жүгіруге бірден 10 адам тұрды. Бұлардың ішінде бізге таныс шымыр, шағын денелі Жақай мен талдырмаш, бойшаң Семигазы бар.

Стадионның ішін екі айналыс жүгіру шарт. Суырыла шыққан Жақайдың артынан онша қысымай Семигазы да келе жатыр. Қалғандары кейінгі түйдекті жебелейді.

Екпін қатты. Жарысушылардың арасындағы күшті тартысты бақылаушылар айқын көріп отыр. Төрешілермен қатар көрушілер де, жақсы жаттығып алған, төзімді екі қазақ баласының жүгірістеріне сүйсіне қарайды.

Осылайша жүгірудің бірінші кезеңі бітіп, екінші кезеңі басталды. Жүгіргіштердің алдына Семигазы шықты. Жақай да одан қалыспай келеді. 100, 200, 300 метр... енді ең соңғы 100 метр жол қалды. Кім озар екен? Семигазы ма, әлде Жақай ма?

Дәл осы секундте де кімнің озып шығатынын кесін айту қиын еді. Жақай Семигазымен теңелді. Дәйек жақын қалды. Соңғы күшпен бір ұмтылса, екеуі де бір уақытта дәйекке жетіп, ақ лентаны бұрын үзуге жа-



Жас спортсменка Гүлжамал Жәкенова турникте.

қып шықты. Енді кім ақ лентаны бұрын үзер екен? Бұны төрешілер анықтады. Төрешілер дәйекке олардың екеуі бірдей жетіп, 800 метр қашықтықты екеуі де бір уақытта 2 минут 10,1 секунд ішінде жүгіріп шыққандығын жариялады. Бірақ дәйектегі ақ лентаға қайсысының кеудесі бұрын тисе, сол жаңа рекорд жасаған болып табылатынын ескертті төрешілер. Семигазы бірге жүгіріп келген жолдасы Жақайды жаңа рекорд жасағаны үшін құттықтап, достық тілегін білдірді. Сондықтан да көрушілер бұл жарыста Жақайдың озып шыққанын төрешілер жарияламай-ақ біліп отырды.

Бұл уақытта гимнастика қалашығында да жас гимнастар жарысы қызу жүріп жатқан еді. Жас гимнастар Алматы мектебінің оқушысы Рима Новицкая мен Тамара Чекалинаны көпшілік жақсы біледі. Олар бұрын бірнеше жарыстарда озып шығып, алдыңғы орындарға ие болған. Кейбір кездерде спорт жарыстарында ересектерді де жеңіп шыққан. Семей мектебінің 6 класс оқушысы Гүлжамал Жәкенова көпшілікке онша таныс емес.

Спортшы қыздарға турникте жаттығуға кезек берілді Новицкая 9,5 баллға, Чекалина 9,7 баллға жетті. Бұдан жоғары ешкім де аса алмаған.

Төреші Гүлжамал Жәкеноваға кезек берді. Ол денесін тік ұстап, қолымен жоғары көтерілді де, уысымен турникте мығым ұстады, ол сымға тартқандай денесін теңселте аяғымен аспанға оқша атылды да, жерге тік түсті. Гүлжамал гимнастикадан осы ретпен бірнеше мүлтіксіз қиын жаттығулар жасап шықты.

Төрешілер Гүлжамалдың гимнастикаға шеберлігін аса жоғары бағалады. Гүлжамал жарыс нәтижесінде 10 баллға ие болды. Мұндай нәтижеге жету барлық гимнастардың қолынан келе бермейді.

Бес күнге созылған республикалық жас спортшылар спартакиадасы зор ұйымшылдықпен өтті. Жарысқа түскен спорттың төрт түрінен де жас спортшылар тамаша рекордтар жасап, жақсы нәтиже берді. Бұл рекордтар жас жүзгіштерді, баскетболшыларды, гимнастар мен жеңіл атлеттерді абройға бөледі.

Спартакиада қортындысында Алматы спортшылары спорттың барлық түрінен озып шығып, бірінші орынға, Қарағанды спортшылары екінші орынға ие болды. Спартакиадада озып шыққан көптеген жас спортшыларға бағалы сыйлықтар мен Қазақ ССР оқу министрлігінің грамотасы ташеырылды.

Республикалық жас спортшылар спартакиадасы болашақта көптеген спорт шеберлері өсіп жетілетінін көрсетті.

П. ДЕРАЖИНСКИЙ.



1. Сабақ болған күндер

Біздің 75 орта мектептегі пионер дружинасы бұрын да үлгілі дружина саналатын еді. Дружина пионерлері сабақты тегіс үлгеретін. Олар үнемі Ленин атындағы колхоздың шаруасына болысып, жазда арам шөп отасатын, күзде масақ терісетін. Егін жаулары—саршұнақтармен де аяусыз күрес жүргізетін. Бұл істері үшін пионерлерді колхозшылар шын ықмастарымен жақсы көріп, құрметтейтін.

Солдай бола тұрса да былтыр колхоз қарттары алдында біздің қатты ұялуымызға тура келді. Оқый-ға былай болды.

Өткен жазда біздің Тастақ селендік ауданында балалардың аудандық спартакиадасы өткізілді. Спартакиадада жеңіл атлетика, суға жүзу, баскетбол мен волейбол ойнаудың бәрінен де жарыс ұйымдастырылды. Ал, біз спартакиада болар алдында тоқмейісмен болдық. Өйткені біздің арамызда Әлімхан Шайкенов, Болат Қашқынбаев, Жылқайдар Сағнаев сыяқты сенімді жүргіші, қарғырыштар, Әділхан Мәменов, Сәлімғазы Түндікбаев сыяқты суда балықша жүзетін балалар жеткілікті болатын. Оның үстіне брусъеде, турникте шебер ойнайтын, баскетбол мен волейбол ойнауды да үздік білетін бірнеше оқушыларымыз бар болатын. Біз сондықтан да тоқмейісуде болған едік. Шынымызды айтсақ, ол спартакиадада бізді жеңетін ешкім болады деп есептемеген едік.

Спартакиада басталды. Жарыстың бірінші түрі—жүгіру басталғанда-ақ біздің өзіміздің ойлағынымыздай нәтижеге жете алмайтындығымыз айқындалды. — Не болды? Неліктен бізді басқа мектептің балалары жеңіп барады? — дейміз. — Жоқ, біз жеңіл атлетикадан ғана ұтылып тұрған шығармыз. Арт жағы олай болмас, — деп жұбатамыз өзімізді өзіміз, олай болмады. Біз спартакиададағы жарыстың бір түрінен де жеңіске не бола алмадық. Тек ата-аналарымыздың алдында ұятқа қалдық. Бұл бізді қатты екіндірді.

Спартакиада біткен соң біздің қасымызға Алматы селендік ауданы комсомол комитетінің секретары келді.

— Сендер, не себептен ұтылып қалғандарыңды білесіңдер ме? — деді бізге секретарь.

— Әрине, білеміз, — дейді Әділхан Мәменов, төмен қараған күйі, бәріміздің атымыздан жауап беріп. — Жүзе білмейміз...

— Әрі жүгіре де білмейді екенбіз, — деді Болат Қашқынбаев.

— Жоқ, балалар, — деді секретарь бізге күлімсірей қарап. — Сендер жүгіре де, жүзе де білесіңдер. Мәселе мұнда емес. Сендердің іштеріңнен тамаша спортшылар, рекордшылар шығуы да ғажап емес. Бірақ сендер алдын ала дайындалып, жаттығу жасамағаныңдар. Сендерде жаттығу жоқ. Міне мәселе осында.

— Біз жаттығуды қайда өткізуге тиістіміз? — деді оқушылардың бірі. — Біздің мектебімізде стадион да, спорт алаңы да жоқ.

— Жоқ болса, жасау керек, — деді секретарь.

2. Дружина стадион жасауға кірісті

Оқу жылы басталды. Пионер дружинасы стадион жасау туралы бір ауыздан шешімге келді.

Дружина бірнеше бригадаға бөлініп, іске кірісті. Әуез Нұрбеков пен Лёня Сычев бастаған құрылысшы доп қағуға және граната лақтыруға арналған орынды жасауға кірісті. Дыяр Омаров пен Костя Спасокукоцкий көлден арнаулы бассейн жасаушыларды ұйымдастырып іске жұмылды. Басқа балалар бізді қамқорлыққа алған ұста комсомолецтерге шығыршық соғысып, брусъе дайындауға көмектесті.

Бұл дайындық жұмысына аз уақыт кеткен жоқ. Күз өтіп, қыс та түсті. Жер бетін ашпақ қар басты.

— Ендігі жұмысты көктемге қалдырайық, — деді балалардың бірі.

— Құрылыс жұмысын аяқтауды көктемге қалдыруымызға болады, — деді пионерлердің енді бірі, — ал жаттығу жұмысын қалдыруымызға болмайды. Қыста да жаттығулар жасай беруіміз керек.

Қысты балалар шаңғы және коньки тебүмен өткізді.

Сөйтіп жазға жеттік. Пионер ұйымының осындай коллективті еңбегі нәтижесінде мектебіміздің жанында өзіміздің стадионымыз, толық жабдықталған спорт алаңымыз болды. Құрылыс кезінде «Пионер спорт құрылысында» деген қабырға газетіміз үнемі шығып тұрды. Қазір ол газетіміз «Жас спортшы» деп аталады. Біздің бұл жұмысымызға мектебіміздің комсомол ұйымы тікелей басшылық етіп, мұғалімдеріміз көмек көрсетті.

Бар жабдық әзір болды. Біз спорттың барлық түрімен шұғылданып жаттығулар жасауға мүмкіндік алдық. Оның үстіне спорт дайындықтарына үздіксіз қатысу — біздің спорт коллективі мүшелерінің ең құрметті ісінің бірі болды. «Білемін» деп жайбарақаттану ешқайсымыздың ойымызға да келмеді.

3. Жеңіс

Ол спартакиадан бері бір жыл өтті. Онда да стадионға көп колхозшылар жыйналған еді. Бұл жолы да стадионды жұрт кернеп кетті. Аудандық комсомол комитетінің секретары спартакиада басталды деп жариялады.

Жүгірушілер шебінде 5 адам тұр. Оның екеуі біздің мектептің балалары — Әлімхан Шайкенов пен Болат Қашқынбаев. Көрші мектептен былтырғы спартакиадада жүгіруден озып шыққан Миша Колокольников бар.

Біркезде басқарушы жалауын елтеп қалды. Межеде тұрғандар жарыса жөнелді. Шу дегеннен тайталаса шыққан 3 бала — Әлімхан, Миша, Болат алғашқы адымда-ақ бірін-бірі тақымдай бастады. Бірі оза бастаса, екіншісі жетеді, екіншісі алға шыға бастаса, үшіншісі озады. Осындай таласпен бұл үшеуі стадионды бір айналып шықты.

Бірінші айналу — шешуші жеңіс емес. Жүгірушілер бар күші екінші айналуға алда болуға жұмсау керек. Бұл екінші айналыста кімнің жаттығуы көп, жақсы дайындығы болса, сол алға түспек.

Миша, Болат пен Әлімхан алға шықты. Олар секунд сайын жылдамдықтарын арттыра түсіп, алға қарай бастырмалатып келеді. Шатұр-шұтыр соғылған шапалақ дауысы да естілді. Көмбедегі ақ лента біздің мектеп балалары — Әлімхан мен Болаттың бөліне оралды. Бұл бірінші жеңіс.

Басқалары да сондай болды. Қарғудан да, граната лақтырудан да, ядроны жылжытудан да біздің мектеп



балалары озып шықты. Волейбол, баскетболдан да жеңіс біздікі болды.

Спартакиаданың ең соңында суда жүзу жарысы өтті. Бұл жарыста біздің мектеп оқушылары Әмірхан Мәменов, Сәлімғазы Түндікбаев екеуі бірінші орынға не болумен қатар, оқушы балалар үшін республикалық рекорд жасады.

Көшпелі қызыл ту біздің мектеп спортшыларына берілді.

Біз жеңіске осылай не болдық. Дружина спортшылары өз мектептерінің жанынан спорт алаңын жасап алмай спорт өнеріне толық жетіле алмайды. Жақсы спортшы болу үшін алдымен спорт алаңын жасап алып, онда үздіксіз жаттығулар жасай беру керек.

Ж. МУХТАРОВ,

75 мектептегі физкультура үйірмесінің жетекшісі.

Түркістан станциясындағы 19 мектепте бұрын футбол командасы болмайтын. Оқушы, пионерлердің ешқайсысы да футбол ойнамайтын. Олар көршілес мектептердің жас футболшыларының ойынын көргенде:

— Шіркін, біз де осылардай ойнасақ! — деп арман ететін.

19 мектеп оқушыларының осы арманы жуырда іс жүзіне асты. Мектеп жанынан футбол командасы құрылды. Бірінші футбол командасына мектептің ең таңдаулы 12 оқушысы алынды. Команданың капитаны болып X класс оқушысы, жас спортшы Ыдырыс Асанов тағайындалды.

Көп кешікпей екінші футбол командасы құрылды. Өйткені бірінші командамен ойнайтын қарсы команда керек болды. Бұл командаға да 12 бала алынды. IX класс оқушысы Рахматулла Қадыров жаңа команданың капитаны болып тағайындалды.

Бұл екі команда күн сайын жаттығу жасады. Мектептің физкультура пәнінен беретін мұғалімі мен мектеп жанындағы бастауып комсомол ұйымының секретары жас футболшылардың жаттығу жасау ісіне басшылық етіп, үнемі көмектерін жерсетіп отырды.

Бір күні жас футболшыларға кенеттен бір ой түсті.

Бұл ойды салған бірінші команданың капитаны Ыдырыстың сөзі болды.

— Біздің командамыздың құрылғанына екі айдан асты. Содан бері үздіксіз жаттығу жұмысын жүргізіп келеміз. Футболдың техникасын меңгеріп те қалдық, ойын үстінде ысылдық та. Енді өзіміздің күшімізді жұртшылыққа танытатын кез жетті емес пе?— деген еді ол.

— Сонда не істемекпіз? — деді бірі.

— Көршілес мектептің футболшыларымен ойнасақ.

— Дәмесін қара өзінің! — деді екіншісі, — оларда футбол командасы құрылғанына екі жылдан асты. Олар содан бері ойнап, жаттығып келеді. Ал, біз ше? Футболды көргенімізге небәрі екі-ақ ай. «Өлім білмеген әлек» болып қалармыз.

— Жоқ, «көз—қорқақ, қол—батыр» деген. Неде болса кездесіп көрейік.

Барлығы соңғы сөзге тоқтады. Команда көршілес 20 мектептің жас футболшыларымен кездеспек болды. Бірақ екі команданың қайсысы кездесуі керек? Өз мектебінің абройын қорғауға қай команданың күші жетеді?

Бұл сұраққа Рахматулла:

— Кұрама команда құру керек! — деп жауап берді. Сөйтіп құрама команда құрылды. Оған екі команданың ең таңдаулы футболшылары алынды. Кездесу күніне дейін бұл команда үздіксіз жаттығу жұмысын жүргізді.

Міне, екі команданың кездесетін күні де келіп жетті. 20 мектептің спорт алаңында, алаң қожалары 19 мектептің жас футболшыларымен кездесті. 20 мектептің футболшылары бұл кездесуде өздерінің жеңетіндігіне кәміл сеніп ойнады. Өйткені бұл олардың бірінші ойыны емес. Олар бұл жаңадан құрылған команда түгіл, бұдан басқа да күшті деп саналатын талай команданы жеңіп жіберген болатын. Бірақ ойынның



нәтижесі басқаша болып шықты. Екі команданың да адамдары бойларындағы барлық өнерлерін салды. Әсіресе қақпа күзетушілері өте жақсы ойнады. Сөйтіп екі жақтың да шабуыл жасаушылары, қорғанушылары, екі сағат бойы арпалысқан екі команда, ақыр аяғында жеңісе алмай 0:0 болып, ойынды аяқтады.

Бұл ойын 20 мектептің футболшыларына сабақ болса, 19 мектептің жас футболшыларына үлкен жігер берді.

Ж. ИСАЕВ,

Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан станциясы,
19 мектептің VI класс оқушысы.

ТУРНИК ОРНАТТЫК

Терісаққан ет совхозының бірінші фермасында бірнеше комсомолец жастар мен оқушы пионерлер тұрады. Олардың жұмыстан және оқудан қолдары босаған кезде, физкультура ісімен шұғылданып, денелерін шынықтырайын десе, спорт алаңы, турниктері болмады. Енді не істеу керек? «Жоқ екен» деп, қол қусырып қарап отыруға бола ма? Және оларға турникті біреу жасап бере ме?

Бір күні көшке бірнеше комсомолецтер мен пионерлер жыйналып, өзара кеңесті. Олар бұл кеңесте мектеп маңында турник жасау мәселесін қарады.

— Турникті біз өзіміз жасап алмасак, бізге ешкім де жасап бермейді, — деді олардың бірі.

— Дұрыс айтасын! Өзіміз жасауға тиістіміз! — десті басқалары.

Олар ұзақ тұрмады. Барлығы бір шешімге келіп, шұғыл іске кірісті. Бірі үйлерінен бөрене, екіншісі — күрек, үшіншілері тағы басқа сондай керекті заттарды алып келді.



Олар әуелі турниктің өзін жасауға кірісті. Екі бөрененің екі жақ басын біріктіріп, бір темір кіндік орнатты. Сонсоң екі жерден терең етіп екі шұңқыр қазды. Оған әлгі екі бөренені әкеліп отырғызды. Жан-жағын топрақпен тығыздап бекітті. Ақырында жап-жақсы турник болды да шықты.

Қазір турниктің жанынан кісі үзілмейді. Олардың көпшілігі комсомолецтер мен пионерлер. Олар таңертең төсектерінен тұрысымен турникке келіп асылып, денелерін шынықтырады. Әсіресе турниктен Ө. Әлімбаев, Ж. Аманбеков, Б. Калинин сыяқты комсомолецтер мен С. Шалбаев, Б. Сүлейменов сыяқты пионерлерді жиі кездестіруге болады. Бұлар үзбей турникте ойнап, өздерінің жас денелерін шынықтырады және көптеген қиын қыймылдар жасап, көрушілерді таңдандырады.

Серік ОРАЗАЕВ,

Ақмола облысы, Есіл ауданы,
Терісаққан мектебінің оқушысы.

АНА КУАНЫШЫ

Жас ана бүгін маз-мәйрам
Көкке жетіп төбесі:
Қылығы қызық той-думан
Бір жасар ұлы — Төлеші

Апыл-таныл қаз тұрып,
Есіктен төрге жеткенде.

Бөбекке айттым, сүйсініп:
«Кұтты болсын!», — деп мен де.

Еркін өсіп ержетер,
Капитан-жүзгіш болар ұл.
Мұхитта толқын тербетер,
Жер шарын шарлап корабль.

Дәм тарттырған көп елден
Алыс сапар-тап сонау
Есіктен төрге жеткеннен
Болмас па екен оңайлау?!

М. ӘЛІМБАЕВ.

„ҚЫЗЫЛ ГАЛСТУК“



ЖУБАН МОЛДАГАЛИЕВ



Қызыл
ГАЛСТУК

АЛМАТЫ • 1949

Мектеп, мектеп! Кете алаам ба
Бір қарамай есігіңнен.
Армай-талмай аялаған
Өскен ортам, бесігім ең.
Сен ұстаттың тұңғыш рет
Шортан түмсық, сүйір қалам.
— Сыз өзіңе өмір жолын, —
Дедің, — үйрен, оқы, балам!
Осы тамаша өлең әрбір жастың
өзіне тәрбие берген совет мектебіне
шын жүректен айтқан шәкірттік ал-
ғысы тәрізді.

Бұл өлең акын Жубан Молдағалиевтің жуырда Қазақтың Мемлекеттік Оқу құралдар баласы шығарған «Қызыл галстук» атты жыйнағында басылған.

Жубан—өз шығармаларымен Ұлы Отан соғысы кезінде, соғыстан кейінгі бейбіт дәуірде халыққа танылған ақындарымыздың бірі. Оның өлеңдері Отан соғысындағы жеңістерімізге, бейбіт құрылыстары табыстарымызға арналады.

Совет адамының тәтті үміті, тамаша тілегі, жеңіске басқан әр қадамы өз Оташымен тығыз байланысты. Міне сондықтан да Жубан:

Сенің досың — менің досым,
Саған қас жан — маған қас.
Сен қуансаң — мен қуанам,
Мен өзінмен тағдырлас. —
деп адал азаматтың туған елге сүйіспеншілігін жырлап, оқушыларын Отанды сүйе білуге, соның игілігі үшін еңбек етуге шақырады.

Совет еліндегі ұлттардың ақылшы ағасы, көреген кеңесшісі, қол бастар батыры — ұлы орыс халқы болып табылады.

Жубан «Рәхмет ұлты Лениннің» деген өлеңінде біздің халықтарымыздың тату-тәтті достығын мадақтайды. Осы достық барда біздің жеңе беретіндігімізді ұғындырады.

Жубан бірсыпыра өлеңдерінде оқушы-пионерлерге большевик, комсомолец ағаларына лайық болып өсе деп ақыл айтады:

Талшын соған, лайық бол,
Өскелең жас інішегім!
Комсомолдың өміріндей —
Даңқты болсын келешегің.

(16 бет).

Жыйнаққа ұсақ өлеңдермен қатар, екі дастан кірген. «Қызыл галстук» атты дастанның мазмұны мынау: Мұқан деген солдат жауыз жауды жеңген көп жауынгерлер сыяқты армиядан қайтады. Оның 3-класта от-лично оқыйтын Ермек деген ұлы бір күні пионер қатарына өтіп, мектептен қызыл галстук тағып қайтады. Баласының пионер болғанына қуанған әкесі, майданда ерлік көрсеткен, галстугіне кір келтірмеген пионер Ваны аңгімелеп береді. Батыр пионердің бейнесін өз ұлына, оқушы-пионерлерге үлгі-өнеге етіп ұсынады.

«Жеңіс ұланы» деген дастанда да Ермек көрсетіледі. Ермектің кішкентай інісі дүниеге келеді. Ермек жас бөбекке лайықты есім іздейді, әкесінен естіген ержүрек Ваня есімін таңдайды. Оған Мұқан:

О да бірі жеңімпаздың
Ел сүйсінткен ерлік даңқы,
Оның аты күдіретті —
Сеңілді ұлы орыс халқы.
деп ризалық білдіреді.

Осы кішкентай екі дастанның екеуіне де ұлттар достығы арқау болған. Тілі жеңіл, уақыяғасы қызық, бұл екі дастанды оқушы балалар құмарта оқыйды.

Ұлттар достығы тақырыбына арналған «Ұлы ананың ұлдары» деген баллада да қызық. Бұл шығармада акын Абдолла деген қазақ сержанының Берлинде неміс қолында қаза тапқан ананың нәрестесін құтқарғанын, өзіне ұл етіп, еліне алып қайтқанын баяндайды.

Жубан әлі жас, оның ақындық мол жемісі алда. Жас жеткіншектердің бейнесін көрсетуде оның үлкен ембелер беретініне сенім зор.

М. МАРАЛДИН.

ОҚУШЫЛАРЫМЫЗДЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ

ҰЛЫ КӨСЕМГЕ СЕРТ

Мектебіміз — алтын бесік
Сегіз жастан ашқан есік.
Білім артып, қайрат қаулап,
Келеміз біз күнде өсіп.
Қамқор болған бүкіл елге
Қамқоршы атам Кремльде:
«Ертеңгі ер большевик» деп
Сенеді ол пионерге.
Ұлы көсем, серт береміз:
Отанға адал ұл менен қыз
Боламыз деп, өзіңізше
Ел жолында күресеміз.
Аманкелді ДАНЫБАЕВ,
Ақмола қаласы, Сталин атындағы орта мектеп оқушысы.

ЕЛІМ ҮШІН

Көктемде гүлден алма ағаш,
Жаз бойы өсіп толатын.
Луырлап бұтақ жемісін,
Салбырап күзде тұратын.
Мен де сондай гүлмен тең
Келемін өсіп күн сайын.
Еңбегімнің жемісін,
Ержетем, елге арнаймын.
Ойрат ШАМҚУЛОВ,
Алматы, 18 ер балалар мектебінің V класс оқушысы.



Ақмола облыстық олимпиадасында бірінші орын алған Степняк қаласы, Сталин атындағы орта мектептің оқушылары (солдан оңға қарай): Тома Кузьмина мен Юра Бутенко «Ковбой» бийі орындап жүр.



ЖАС МИЧУРИНШІ



КЕНДІР

АРҚАР - МЕРИНОС

Қазіргі уақытта Қазақстанда тағы арқарды быязы жүнді қоймен будандастыру арқылы жаңа тұқымды арқар-меринос қойы алынып отыр.

Арқар-меринос қойы тауда өсуге шыдамды және жыл бойы жайылымда бағылады. Олардың еті дәмді, жүні быязы. Арқар-меринос қошқарының тірідей салмағы 80-110 килограмма, жүні 4-7 килограмма, ал саулығының салмағы 60-65 килограмма, жүні 3-5 килограмма болады.

Арқар-меринос қойының қазіргі меринос қойынан үлкен айырмашылығы бар. Оның бойы сұңғақ, жүрісі шапшаң, кеуделі, шүйделі. Оның сыйрағы ұзын, тұяғы қалың, меринос қойы сияқты дымқыл жерде сарып болып ауырмайды. Оның маймақтау келген алдыңғы аяғы жүгіруге өте ыңғайлы. Сол себепті арқар-меринос таулы, жазық, дымқыл жерлердің бәрінде күнелте береді.

Арқар-меринос қойы жай қой сияқты жайылым талғамайды, қай жер болса, сол жерде еркін жайылып, тез семіреді. Оның тағы бір өзгешелігі жайылымда шөпті таңдап ала біледі және өзінің жонын бермейді, ол сезімтал: бейсеует өткіншілерді, ит-құсты қыядан көреді.

Арқар-меринос қойы үскірік сұйыққа төзгіш, боран-шашында желге қарсы жайылады.

Арқар-меринос қойларының жүні биология ғылымдарының кандидаты.

Бүкілодақтық жүн зерттеу институтында тексеріліп, жоғары бағаланды. Бұл — еліміздегі тоқыма өнеркәсібінің жаңа, бағалы ішкі заты. Бұл жүннен Москва және Ленинград тоқыма фабрикалары ең жақсы жүн маталарын тоқыйды, мысалы велюр-драпы, кастор-драпы, бастон және тағы басқалары осы жүннен тоқылады.


Соңғы жылдары республикамыздың таулы аудандарындағы колхоздары мен совхоздарында жаңа тұқымды арқар-меринос қойларын өсіру кең өріс алуда. Республикамыздың оқымыстылары жаңа арқар-меринос тұқымды қойларды өсіру арқылы озат мичуриндік ғылымның салтанат күрғандығын дәлелдеді.

Советтік Отанымызда мичуринші жас натуралистер мен оқымыстылардың қатары қаулап өсуде.

Еліміздің жас мичуриншілері табиғатты зерттеу ісімен қызыға шұғылданып, социалистік ауыл шаруашылығын өркендетуге белсене көмек көрсетуде.

Жас мичуриншілер, республикамыздың табиғат байлығын қажырлы түрде зерттей беріңдер, коммунистік қоғамның табанды құрылысшылары болуға әзірленіңдер.

Н. С. БУТАРИН.



Арқар-меринос.

Кендір — сарғыш келген ұлпа гүлді өсімдік. Оның сабағы жіңішке, әрі ұзын келеді. Жіңішке сабаққа жарыса өскен нәзік тармақтары орасан көп. Ол — күн сәулесіне аса құмар өсімдіктің бірі. Оның сабағы жақсы жағдайда 5—6 метрге дейін биіктеп өседі. Кендірдің жапрақтары аса жіңішке, тамырлары ұзын болып, жер астында тармақтанып жатады.

Кендірдің көп өсетін жері—Қазақстанның оңтүстік аудандары. Ол, әсіресе, Сырдария, Іле, Шу, Талас, Қаратал, Ақсу, Лепсі, Торғай, Сарысу, Қара Ертіс өзендері және оларға құятын көптеген ұсақ өзендердің бойында көп өседі.

Кендірдің гүлдейтін кезі июль, август айлары. Кендір гүлі алқызыл, түсті және өте ұсақ келеді. Алғашқыда бүршіктеніп пайда болған мұндай гүлдер сентябрь айында толық жетіледі. Ал, оның дәндері өте ұсақ келеді, қабыршақтары майда ұлпа жүн басқан болады. Дән пісіп жетілген кезде қауашағы ашылады да, жерге төгіліп, жел арқылы бір орыннан екінші орынға тарайды. Бірақ кендірді гүл ұрығынан өсіру ұзаққа кетеді. Оны тамырынан өсіру жеделірек болады.

Быйылғы кендір өсіру ісі республикамыздағы алғашқы бастама болып отыр. Оның бұрыннан қолда бар дайын тұқымы жоқ еді. Сондықтан быйыл кендірді өсіп тұрған жерінен тамырымен қопарып әкеліп отырғызу керек болды. Осылай істелді де.

Мәселен апрель айында Алматы облысының бірсыпыра колхозшылары қолына күрек, кетпен алып, Іле өзені жағасына аттанды. Колхозшылар өзен жағасынан кендір өсімдіктерін тауып, олардың 30 — 40 сантиметрге созылған ұзын тамырларын үзбей қазып алды. Жерден суырылған тамырлар күрғап кетпес үшін дереу салқын жапрақтармен орап, жәшікке салынып отырды. Сөйтіп олар Іле бойынан, өз колхоздарында егуге арнап дайындаған жерлерінің, мөлшеріне қарай, кендір тамырларын алып қайтты. Әкелінген кендір тамырларын колхозшылар аса ұқыптылықпен жыртылған жерге 6—10 сантиметрдей тереңдікке отырғызды. Отырғызылған әрбір тамырдың арасында 3—7 сантиметрдей ара алшақтығы сақталынды. Плантацияға кендір тамырлары отырғызыла салысымен дереу су жіберілді. Колхозшылар бұл өсімдіктерін он күнде бір суарып, арам шөбі болса қолма-қол күртып отырды. Сол отырғызылған кендір тамырлары тамаша болып өсті.

Кендірді ертеде халық тек жіп піріп, арқан есуге, ау тоқуға пайдаланған болса, қазір оның халық ша-

БАРСА - КЕЛМЕС



Кендір

руашылығын келтіретін пайдасы мол екендігі анықталып отыр. Мата тоқуға мақта өсімдігі қандай қажет болса, кендірдің маңызы одан бір де кем емес. Кендірден коверкот, мәлескен және осындайлар сыяқты жоғары сапалы маталар тоқылады. Бұлардан басқа кендірдің жапрақтары мен тамырында 4 проценттен 7 процентке дейін каучук болады. Оның бұршақты ұрығы өнеркәсіпте пайдаланылады.

Мұндай бағалы өсімдікті халық игілігіне айналдыру туралы үкмет пен партиямыз арнаулы қаулы алды. Сол қаулы бойынша быйыл Қазақстанның жүздеген колхоздары мен совхоздары кендір өсіру ісіне кірісті, ғылыми мекемелер жанынан кендір өсіретін питомниктер ұйымдастырылды.

Қымбатты балалар! Кендір өсімдігінің халық шаруашылығына келтіретін пайдасы туралы және оны өсірудің жайын жоғарыда айтып өттік. Бұл тамаша өсімдікті көптеп өсіруге сендер көмекші болыңдар. Ол үшін күзде өзен алқаптарынан кендір тұқымын жыйнаңдар, кендірді егу, күту, өсіру жолдарын колхозшы ата-аналарыңа айтып түсіндіріңдер. Өз колхоздарыңда кендір дақылы болуға атсалысыңдар.

К. М. ГАФАРОВА,

В. Р. Вильямс атындағы егіншілік институтының ғылыми қызметкері.

Кеме аралға тақалып келеді. Минут озған сайып аралдың көлемі де үлкейіп, бірте-бірте анық көріңді.

Аздап кейін аралдың топырақ, өсімдіктері де көріне бастады. Біріннен-бірі озған құм дөңдер сұрғылт тартып мұнарланып жатыр. Тырбылып өскен сирек сексеуілдері де өзіне жарасып тұрған сыяқты. Маңайда басқа түрлі көк шөп көрінбейді. Сірә, айналасын Арал теңізі қоршаған бұл кішкентай аралдың бір кездегі көк өсімдіктері қазіргі уақытта құрып біткен болу керек. Себебі, ой жердің бәріп сортаңға айналдырып жіберген теңіздің ащы суы мен күннің бұл арадағы ыстықтығы осыны дәлелдегендей.

Кенег сексеуілдердің арасынан бір нәрсе қозғалғандай болды. Анықтап қараған адамға құм түстес бір жануарлар жайылып жүргенге ұқсайды. Біз дүрбімен қарадық. Енді анық көріңді. Бөкен саңды, қошқар тұмсықты, тік мүйізді аң. Өздері аса шапшаң қозғалады. Біздің кемеміздің даусы шығуы-ақ мұң екен, әлгі аңдардың қайда кеткенін біле алмай қалдық, көзден ғайып болды.

Біз аралға шыққаннан кейін білдік: Әлгі аңдар ақбөкен екен. Бұлар бір кезде адам айтқысыз ірі болған шіл-мамонт тұқымдас жануарлардың қалдығы. Бұлардың қазіргі уақытта дүние жүзіндегі ең бай жері осы — «Барса келмес» аралы. Ақбөкен аса жүйрік болады. Олар сағатына 72 километрге дейін жорта алады. Ақбөкенмен еш қандай аң, жануар жүйріктігін салыстыра алмайды. Оған төрт аяқтының еш қайсысы да пар келмейді.

Ақбөкен жер шарының басқа же-

ріңде жоқ. Тек Қазақстанда ғана ақырғы тұқымдары қалған. Қазір ақбөкеннің көп жері осы — «Барса келмес» аралы қорыққа алынған.


«Барса келмес» аралына ең алғаш рет 1927 жылы, 10 ақбөкен жіберілген болатын. Қазір олар көбейген. Жалпы саны мың бастап асады. Осы ұзындығы 30 километр, ені 8 километр келетін кішкентай аралда ақбөкеннен басқа аң жоқ, сексеуілден басқа өсімдік жоқ деп айтса да болғандай. Рас, кейбір жерлерінде құмға төзімді алабота, теріскен сыяқты өсімдіктер кездеседі. Ол да сирек. Мұндай шөптердің қалыңдау деген жеріне ақбөкендер жас қосыларын жасырып қояды. Ақбөкендер жас басында қоздайды. Сөйтеді де өздері қауып төнген кезде көзден ғайып болады. Енді жас қозылар бір нәрсе келіп үстің басып кететіндей жағдай тумаса, тырт етпестен жер бауырлап бірнеше сағат жатады. Ал, қауып аса күшті болған күнде, олар тұра сала занының кеткен жағына қарай қашады.

Осы кішкентай аралда қысы-жазы жұмыс тынбайды. Мұнда оқымыстылардың бір шағын тобы ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Олар бұл аса сирек аңның өмір-тіршілігін тексереді. Одақтың көптеген зоопарктеріне жас ақбөкендерді көрмеге жіберіп отырады.


...Аралдың жағалауында кемеге жәшік-жәшік жүктердің тиеліп жатқанын жиі байқауға болады. Қарап тұрсаңыз: бұл жәшіктер аса ұқыптылықпен тиелді. Олардың сыртына Алматы зоопаркінің адресі жазылған және «бағалы жүк» деп ескертілген. Аздап кейін кеме дыбыс береді де, жылжып жүріп кетеді. Бұл, сапарға аттанған жас ақбөкендердің кезекші тобы. Олар үйреншікті аралынан қалықтап, зоопарктерге қонаққа барады.

Міне, бір кезде «Барса келмес» атанған барқан құм аралда, қазір жер шарында сирек кездесетін аң — ақбөкендер өсіріледі.

М. ЗВЕРЕВ.



ЧАЙНВОРД



1. А. С. Пушкиннің өлеңі. 2. Мотордағы суды суытатын аспап. 3. Соғыс сигналі. 4. Сан. 5. Паровоздың отын қыздыратын аспабы. 6. Су тартатын құрал. 7. Пионерлер сәлемі. 8. Кеменің арқаннан жасалған басқышының аты. 9. Самолетті басқарып ұшу өнері. 10. Хаюан сүйектерінен, терілерінен жасалатын желімнің аты. 11. Өзен. 12. Химиялық элемент. 13. Танк дауыстарын айыратын аспап. 14. Тапаншаның бір түрі. 15. Кеменің жүретін мезгілінің, маусымының аты. 16. Соғыс кемесінде болатын төрт ескекті қайық. 17. Кеменің жүріс тездігін өлшейтін аспап. 18. Соғыс құралы. 19. Ғылым ордасы. Чайнвордты жасаған:

Мұзай АБДУЛЛИНА.

ШАРАДАЛАР

1. Бірінші — әліппеде дауысты әріп, Екінші сөз — зат есім, сыры қанық, Оқыдың сен өзің де құмарланып, Мұхтардың романы — алшы тауып.
2. Біріншімді айтарсың кемсігенде, Екіншім — қызыл жалын пеш ішінде. Екеуін қоссаң: газбын. Бармын мен де — Белгілі Менделеев кестесінде.

ОМОНИМ СӨЗДЕР

1. Сан есіммін ежелден, Тілесен бұйрық раймын, Айта білсең, бетпін мен: Қай сөзбін, сенен сұраймын.
2. Дауысымын еркек жанның, Мүшесімін бірде адамның — Біреуімін сансыз сөздің — Етістік те бола алармын.

ЖАУАПТАР

«Пионер» журналының 1949 жылы № 2 санында басылған жұмбақ-суреттердің шешулері.



Сағатпен жазылған дөңгелек.



Сағаттың беті



Ай орағы



Екі түлкі

РЕБУС

«Өз елің — алтын бесік».

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер: Марат ДӘУЛЕТБЕКОВ, Ақан ҮСЕНОВ (Алматы облысы, Кеген ауданы). Т. КӨКЕЕВ (Жамбыл облысы, Талас ауданы).

Қазақстан пионерлерінің екінші слеті 1

Біздің пионерлік ісіміз 6

Жас қонақтардың құттықтауы 7

М. Иманжанов — Ауыл мұғалімі (повесть) 8

С. Бегалин — Ыстық булақ (өлең) 10

Қ. Нұрбаев — Алдаштың әңгімесі 11

А. Лекеров — Болашақ шындық 12

К. Боранбаев — Саяқатта (өлең) 13

Б. Сланов — Қызықты күндер 14

К. Жармағамбетов — Үш өлең 15

П. Деражинский — Жас спортшылар спартакиадасы 16

Ж. Мұхтаров — Дружина спортшылары 18

Ж. Исаев — 0:0 19

С. Оразаев — Турник орнаттық 20

М. Әлімбаев — Ана қуанышы (өлең) 20

М. Маралдин — «Қызыл галстук» 21

Біздің оқушыларымыздың шығармалары 21

Н. С. Бутарин — Арқар-меринос 22

К. М. Гафарова — Кеңдір 22

М. Д. Зверев — «Барса келмес» 24

Ойлап тап. 24

Мұқабаның бірінші бетіндегі суретті салған Урманче.

Редколлегия мүшелері:
Т. Абдрахманов (жауапты редактор) Ә. Бектұров, Х. Доспанова, Қ. Жармағамбетов, М. Иманжанов, Ә. Сәрсенбаев, Ә. Сыдықов, А. М. Черкасский.
Тех. редактор М. Н. Юровский.

Редакцияның адресі:
г. Алма-Ата, проспект Сталина, 73.
Редакция журналы «ПИОНЕР».

Подписано к печати 17-VIII 1949 г. УГ05270
Объем 3. п. л. Тираж 10.000
Гостинография № 3 Управления Полиграфии и Издательств при Совете Министров КазССР г. Алма-Ата. Заказ № 647

„ПИОНЕР“ КАЛЕНДАРЫ



А. Н. РАДИЩЕВ.

(Туғанына 200 жыл)

Ұлы орыс халқының XVIII ғасырдағы ірі ғалымы, революционер-жазушысы А. Н. Радищевтің туғанына быйыл 200 жыл толды.

Александр Николаевич Радищев 1749 жылғы августтың 31 күні туды. Болашақ жазушы 6 жасында хат таныды, 13 жасында Москва университетінің профессорларынан сабақ алады. Сонан кейін әскери мектепте тәрбиеленеді. Ол мектепті бітірісімен, 17 жасар Радищев Германияға оқуға жіберіліп, онда Лейпциг университетіне түседі. 1771 жылы оқуын бітіріп Россияға қайтады, патша сарайының төңірегінде қызмет істейді.

А. Н. Радищевтың әдеби қызметі аудармадан басталды. 1773 жылы ол демократ Моблидің «Грек тарихы туралы ойлар» атты кітабын аударып, бастырып таратады. Кітаптың соңындағы аударушының өзі жазған түсінік бөлімінде Радищев патша өкіметінің халық мүддесін көздемейтіндігін, халық арасында ағарту жұмысын жақсартудың қажеттігін ашық жазды. Жазушының революционерлік пікірінің алғашқы ұшқыны осы еңбегінің өзінен-ақ белгі берген болатын.

1790 жылы Радищев өзінің атақты «Петербургтан Москваға саяхат» атты кітабын бастырып шығарды. Бұл кітапта крепостной шаруа өмірінің шындығы мен әділетсіз патшалық құрылыстың зұлымдық сыры батыл әшкереленген болатын. Кітапты оқып шыққан патша Екатерина Радищевті тығыз тұтқынға алуды бұйырады 1790 жылғы июннің 27 күні революционер жазушы түрмеге қамалады. Сот дарға тартуға деген үкім шығарады. Үш ай бойы тұтқын өлім сағатын күтіп тарығады. Ақырында үкім өзгеріп, Радищев 10 жылға Сибирьге жер аударылады.

«Петербургтан Мәскенәге саяхат»

га саяхат шеккен автордың көргендері баяндалады. Кітаптың әр тарауына қойылған ат — екі қаланың арасындағы бекеттердің (жол бойындағы деревнялардың) аты болатын.

Кітаптың «Любань» дейтін тарауында жазушы диханшымен әңгімелесу арқылы крепостной шаруаның бар өмірі помещиктің малайлығында өтетіндігін баяндайды. «Ал «Зайцева» дейтін бөлімінде ашулы помещик, оның долы қатыны мен есалаң ұлдарының шаруаларды кінәсіз жазалайтындығы, урып-соғып, зорлық ететіндігі баяндалады. Сол помещиктің семьясын ыза кернеген шаруалар ұрып өлтіреді. «Осы қандасуға қатысқысы келмеген бір де шаруа болмады», деп, жазушы шаруалардың құралды күреске әзір екендігін айтады.

Патшалық Россияның ішкі сырын шаруалар өмірін сүреттеу арқылы аша отырып, билеуші таптың озбырлығы мен азғындығын әшкерелей отырып, жазушы қоғам өмірін революциялық жолмен, шаруалардың қарулы күресін ұйымдастыру арқылы ғана өзгертуге болатындығын дәлелдейді.

Шығарманың «Хотилово» деп аталатын бөлімінде автор қоғамды өзгерту жөніндегі өз пікірлерін ұсынады, шаруаларды құлдықтан крепостнойлықтан жоюдың жолдарын көрсетеді.

Кітаптың соңғы беттерінде «Еркіндік» деген саяси лирикалы ода басылған. Бұл шығармада патшаны «залымдардың залымы» дей келіп:

«Патшаның үкіметі дінді ақтайды,
Патшаның үкіметін дін мақтайды,
Одақ боп олар елді қанайды;
Біреуі санамызға бұғау салмақ,
Біреуі басымыздан ерікті алмақ,
Бұларын «ел үшін» деп санайды.»

дейді. Бұл үзіндіден патша үкіметі мен діннің зұлымдығын әшкерелеуде Радищевтің өз заманындағы ең озық идеялы қайраткер болғандығын байқауға болады.

Радищев тұтқыннан 1796 жылы ғана босады. Бірақ оның соңына түсушілер көбейіп кетті. Ардың ұлы азапқа шыдамай, 1802 жылы сентябрьдің 23 күні у ішіп өлді.

А. Н. Радищев өз заманының озат пікірлі, өршіл ұлы, қоғамды өзгертуде революцияшыл көзқараста болған жазушы болды. Радищев арман еткен әділетті өмір тек біздің заманымызда, Ленин—Сталин партиясы орнатқан социалистік елде ғана жүзеге асты. Сондықтан да А. Н. Радищевтің аты мен әдеби еңбегі біздің халқымыздың рухани мұрасының алтын қазынасынан мәңгілік орын алып отыр.



ЭРНСТ ТЕЛЬМАН

(Қаза тапқанына 5 жыл)

Германия коммунист партиясының және неміс жұмысшы табының көсемі Эрнст Тельман 1886 жылы 16 апрельде Гамбург қаласында жұмысшы семьясында туды. Ол жас күнінен неміс жұмысшыларының ауыр халін өз көзімен көрді. Сол ауыр тұрмысты өз басынан да кешірді.

Ол 16 жасында-ақ социалистер партиясына мүше болады, революциялық қозғалыстарға белсене қатысады, астыртын ұйымдарды басқарады. 1922 жылы Тельман Германия коммунист партиясы Орталық Комитетінің мүшелігіне сайланады, ал 1925 жылы Германия коммунист партиясы Орталық Комитетінің председателі болып сайланды.

Эрнст Тельман Германия жұмысшы табы мен шаруаларының басын қосып біріктіруге, сөйтіп фашизмге қарсы күресуге шақырды, неміс халқы оған үлкен сенім білдірді. 1924 жылы оны рейхстагқа депутат етіп сайлады. Ол неміс жұмысшыларын капиталистік қанауға қарсы күреске шақыруға парламент мінбесін пайдаланды.

1933 жылы 3-март күні фашистер Эрнст Тельманды тұтқынға алды. 11 жыл бойы гестапошылар оған түрмелер мен концлагерьлерде ауыр азап көрсетті. Бірақ жеңдеттер Эрнст Тельманның коммунистік жүрегін шайлықтыра алмады, қайратын мұқата алмады. Гитлершілер оны соттауға да қорықты. Ақыры Гитлердің бұйрығы бойынша, 1944 жылы 18 август күні Тельманды гестапо агенттер азаптап өлтірді.

Эрнст Тельман өз халқының адал ұлы болды. Ол жұмысшы табы мен шаруалардың мүддесін қорғады, фашизмге және империализмге қарсы күрестің туын көтерді. Тельманды тек неміс жұмысшылары ғана емес, бүкіл дүние жүзі еңбекшілері жанындай жақсы көреді, оның езгі есімін сүйіспеншілікпен еске алады.

С. БАЙТИКОВ,

Бағасы 2 сом.

ОЛЖАЛЫ ОРАЛҒАНДАР



Көзіп туған өлкеңі,
Талай тасты ақтардым.
Гранит пен мрамор —
Болды менің тапқаным.



Жар жағалап, сай өрлеп,
Көбелек қуып дөңкітім.
Таптым жаңа түрлерін
Өсімдік пен жәндіктің.



Халық жатқа біледі
Ертегі, аңыз, жырларды.
Аналар талай ауылды



Бұрын адам баспаған
Жана шыңға шықтық біз.
Осы "Бұрын" ...